Сыныптардың сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары басшылыққа алынып жасалынды

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыстық оқу жоспарына сәйкес МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесі 31.08.2022 жылғы № 1 педагогикалық кеңесте бекітіліп қабылданды. Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-аналар комитет ж2не қамқоршылық кеңестің төрағасымен келісе отырып бекітілді.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып жасалынды. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесі қолданылды. ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығына сәйкес 5 күндікке жасалды.

Сабақ кестесін жасауда ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сынып жетекшілер туралы мәліметтер, оқу процессі өтетін сынып бөлмелерінің саны мен олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

Жалпы 2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша барлығы- 21 сынып бар. 1-4 сыныптар аралығында - 7 сынып топтамасы, барлығы-141 білім алушы. Оның ішінде I –ауысымда 1,3,4 сыныптарда барлығы- 105 білім алушы, II ауысымда 2-сыныптар барлығы- 36 білім алушы оқуда. 5-9 сыныптар арасында- 10 сынып топтамасы бар, барлығы 200 білім алушы. Оның ішінде I ауысымда 7,8,9 сыныптарда барлығы – 100 білім алушы, II ауысымда 5,6 сыныптар барлығы -100 білім алушы. 10-11 сыныптарда 4 сынып топтамасы – 46 білім алушы, барлығы I ауысымда оқиды.

Мектеп бойынша барлығы -387 білім алушы бар.

Сабақ кестесін құруда білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін берілетін, жеткілікті үзілістер қарастырылды. Білім беру ұйымында сыныптарға бөлінген оқу жүктемесіне байланысты сабақ арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзілістер 2,3 және 4-сабақтан кейін 10-15 минуттан уақыттары қойылып сабақ кестесі жасалынды.

Оқу кабинеттерін санитарлық өңдеу жұмыстары 30 минут аралығы. Сабақтың ұзақтығы - 45 минуттан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына,ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының 1,6,9,57,85,86 - қосымшалары негізге алынып жасалды. 1-сыныпта -19.5 сағат, 2- сыныпта -24 сағат, 3- сыныпта -26 сағат, 4-

сыныпта - 26 сағаттан білім алды. Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28.5 сағаттан, 6-сыныпта – 28.5 сағаттан, 7-сыныпта – 31.5 сағаттан, 8-сыныпта – 32.5 сағаттан, 9-сыныпта -34 сағаттан бөлінді. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда – 33 сағаттан, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11- сыныптарда – 34 сағаттан білім алуда.

2023-2024 оқу жылында жұмыстық оқу жоспары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығын таңдау арқылы ҰОЖ оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы басшылыққа алынды.

1-4 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, **1-2 сыныптарға** арналған үлгілік оқу жоспары 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы (1-қосымша), **3-4 сыныптар** 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (1-қосымша)бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Вариативті оқу жүктемесінен 1-сынып оқушыларының логикалық ойлауын, тапқырлығын шыңдау, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамыту мақсатында 1 «А», 1 «Б» сыныптарына белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардан «Қызықты математика» курсына 1 сағат берілді.

2-сынып оқушыларына оқушылардың ой-өрістерін дамытатын логикалық есептер шығаруға, мәтіндік қиын есептерді талдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 2 «А», 2 «Б» сыныптарына белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардан «Көркем жазу» курсына 1 сағат, «Сиқырлы математика» курсына 1 сағат берілді.

3-сынып оқушыларының шапшаң есептей білу, дұрыс жолдарды тез таба білуге баулу мақсатында және функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында 3 «А» 3 «Б» сыныбына «Қызықты математика» курсына 1 сағат,

4-сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 4 «А», 4 «Б» сыныптарына «Грамматика әлемі» курсына 1 сағат берілді.

5-9-сыныптардың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша негізінде жасалынды. Вариативтік компонентіне

5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курс енгізілді.

10-11-сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 38-қосымша, оқытудың жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымшасы негізінде жасалды.

10-сыныпта оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауына мүмкін мамандығына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы **10 «Б» сыныбына** «Абайтану», «Қазақ дипломатиясының тарихы» курсы енгізілді. **10 «А» сыныпта** жаратылыстану-математика бағытында «HTML негіздері», «Математикалық сауаттылық және логика» курсы енгізілді.

11-сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша «Абайтану», «Көркем мәтінді талдау» курсы енгізілді, 11-сынып жаратылыстану-математика бағыты бойынша «Химия және косметика», «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» курсы берілді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды үйден оқыту бойынша «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйек № 412 бұйрықтың 6-қосымша 9-тарау басшылыққа алынды.

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі

Сыныптардың сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары басшылыққа алынып жасалынды

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыстық оқу жоспарына сәйкес МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесі 31.08.2023 жылғы № 1 педагогикалық кеңесте бекітіліп қабылданды. Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-аналар комитеті және қамқоршылық кеңестің төрағасымен келісе отырып бекітілді.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып жасалынды. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесі қолданылды. ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығына сәйкес 5 күндікке жасалды.

Сабақ кестесін жасауда ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сынып жетекшілер туралы мәліметтер, оқу процессі өтетін сынып бөлмелерінің саны мен олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша барлығы- 23 сынып бар. 1-4 сыныптар аралығында - 8 сынып топтамасы, барлығы-142 білім алушы. Оның ішінде I –ауысымда 1,2,4 сыныптарда барлығы- **105** білім алушы, II ауысымда 2,3,4- сыныптар барлығы- 36 білім алушы оқуда. 5-9 сыныптар арасында- 11 сынып топтамасы бар, барлығы 219 білім алушы, барлығы I ауысымда оқиды.

10-11 сыныптарда 4 сынып топтамасы – 49 білім алушы, барлығы I ауысымда оқиды. Мектеп бойынша барлығы -410 білім алушы бар.

Сабақ кестесін құруда білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін берілетін, жеткілікті үзілістер қарастырылды. Білім беру ұйымында сыныптарға бөлінген оқу жүктемесіне байланысты сабақ арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзілістер 2,3 және 4-сабақтан кейін 10-15 минуттан уақыттары қойылып сабақ кестесі жасалынды.

Оқу кабинеттерін санитарлық өңдеу жұмыстары 30 минут аралығы. Сабақтың ұзақтығы - 45 минуттан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығын таңдау арқылы ҰОЖ оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

1-сыныпта -19.5 сағат, 2- сыныпта -24 сағат, 3- сыныпта -26 сағат, 4- сыныпта - 26 сағаттан білім алды. Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28.5 сағаттан, 6-сыныпта – 28.5 сағаттан, 7-сыныпта – 31.5 сағаттан, 8-сыныпта – 32.5 сағаттан,

9-сыныпта -34 сағаттан бөлінді. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда – 35 сағаттан, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11- сыныптарда – 34 сағаттан білім алды.

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар туралы 1-параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың 10-23 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 1-параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың 22-34 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 1-

параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптардың 22-28 тармақшаларына негізделініп жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
5	Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
	Математика және информатика	4,5	4	6	6	21,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	-	1	1	2,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22,5	23	26	26	98,5	3292,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		-	1	1	1	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі		-	1	1	1	3	102
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		22,5	24	27	27	101,5	3394,5

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар		1	1	1	1	1	5	170
Элективті курстар		1	1	1	1	1	5	170
Жеке және топтық жұмыстар		-	-	-	-	-	-	-
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	2	2	2	10	340
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		31	31	34	35	36	167	5678

10-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 30-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 99-қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме сағат
		10 «Б»	Апталық	Жылдық

1	Қазақ тілі	2	2	68
2	Қазақ әдебиеті	3	3	102
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
4	Шетел тілі \ Ағылшын тілі\	3	3	102
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	102
6	Геометрия	1	1	34
7	Информатика	1	1	34
8	Физика	1	1	34
9	Химия	1	1	34
10	Биология	1	1	34
11	География	1	1	34
12	Қазақстан тарихы	2	2	68
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	34
15	Өзін - өзі тану	1	1	34
16	Дене шынықтыру	3	3	102
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	986
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзіреттілік немесе таңдау курстар		1	1	34
1	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1	1	34
Элективті курстар		7	7	238
1	Геоэкология және қоршаған орта	1	1	34
2	Абайтану	1	1	34
3	Журналистика негіздері	1	1	34
4	Қарым- қатынас жарастығы	1	1	34
5	Компьютерде іс- қағаздарын жүргізу	1	1	34
6	Қазақ дипломатиясының тарихы	1	1	34
7	Эссе жазудың теориясы мен әдістемесі	1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		8	7	272
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		37	37	1258

10-сыныптың жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100-қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме сағат
		10 «А»	Апталық	Жылдық
1	Қазақ тілі	1	1	34
2	Қазақ әдебиеті	2	2	38
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
4	Шетел тілі \ Ағылшын тілі\	3	3	102
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	136
6	Геометрия	2	2	68

7	Информатика	2	2	68
8	Физика	2	4	136
9	Химия	2	4	136
10	Биология	2	4	136
11	География	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	2	68
15	Өзін - өзі тану	1	2	68
16	Дене шынықтыру	3	3	102
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
Инварианттық оқу жүктемесі		33	33	1122
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзіреттілік немесе таңдау курстар		1	1	34
1	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1	1	34
Элективті курстар		3	3	102
1	Аналитикалық геометрия	1	1	34
2	Әлемді тану	1	1	34
3	Абайтану	1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		4	4	136
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		37	37	1258

11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 22 наурыздағы №125 бұйрығына 21-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 21-қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме сағат	
		11 «Б»	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент				
Міндетті пәндер				
1	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	68
2	Геометрия	1	1	34
3	Информатика	1	1	34
4	Қазақ тілі	2	2	68
5	Қазақ әдебиеті	2	2	68
6	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
7	Шетел тілі (Ағылшын тілі)	3	3	102
8	Қазақстан тарихы	2	2	68
9	Өзін -өзі тану	1	1	34
10	Дене шынықтыру	2	2	68
11	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
	Таңдау бойынша пәндер			
	Тереңдетілген деңгей	3 сағаттан 2 пән		
12	Шетел тілі	3	3	102

13	Дүниежүзі тарихы	3	3	102
14	Құқық негіздері			
15	География			
Стандартты деңгей		2 сағаттан 1 пән		
	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	918
Инварианттық компоненттен таңдау пәндері		4	4	136
1	Елтану	1	1	34
2	Биология	1	1	34
3	Қазақстан құқығы	1	1	34
4	Пәндік терминология	1	1	34
Элективті курстар		3	3	102
1	География және экология	1	1	34
2	Жасушалық биология	1	1	34
3	Қиындықжоғары теңсіздіктер	1	1	34
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	34
Вариативтік компонент		8	8	272
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		35	35	1190

11-сыныптың жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 22 наурыздағы №125 бұйрығына 22-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 22-қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме сағат	
		11 «А»	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент				
Міндетті пәндер				
1	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	102
2	Геометрия	2	2	68
3	Информатика	2	2	68
4	Қазақ тілі	1	1	34
5	Қазақ әдебиеті	2	2	68
6	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
7	Шетел тілі (Ағылшын тілі)	2	2	68
8	Қазақстан тарихы	1	1	34
9	Өзін - өзі тану	1	1	34
10	Дене шынықтыру	2	2	68
11	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
	Таңдау бойынша пәндер			
	Тереңдетілген деңгей	3 сағаттан 2 пән		
12	Физика			
13	Химия	3	3	102
14	Биология	3	3	102
15	География			
Стандартты деңгей		2 сағаттан 1пән		
	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	2	68

Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	918
Инварианттық компоненттен таңдау пәндері		4	4	136
1	Физика	1	1	34
2	XX ғасырдағы дүниежүзі	1	1	34
3	Елтану	1	1	34
4	Қиындығы жоғары теңсіздіктер	1	1	34
Элективті курстар		3	3	102
1	Физика заңдары	1	1	34
2	Пәндік терминология	1	1	34
3	Алаштану	1	1	34
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	34
Вариативтік компонент		8	8	272
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		35	35	1190

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылы 1-4 сыныптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	11	11	11	39	1398
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	2	2	2	9	321
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Көркем еңбек		1	1	1	3	108

12	Еңбекке баулу	1				1	35
13	Бейнелеу өнері	1				1	35
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	23	25	25	91,5	3275,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	1	1	1	4	143
Вариативтік оқу жүктемесі		1	1	1	1	4	143
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	95,5	3418,5

5-9 сыныптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1980
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1080
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108

Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580
--------------------------	------	------	------	------	----	-----	------

10-11 сыныптардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 86-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86- қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2304
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		1	1	2	72
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	4	144
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		34	34	68	2448

10-11 сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 85-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	2	2	4	144
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	216
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216

5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216
6	Геометрия	1	1	2	72
7	Информатика	1	1	2	72
8	Физика	1	1	2	72
9	Химия	1	1	2	72
10	Биология	1	1	2	72
11	География	1	1	2	72
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	4	144
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	56	2016
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		4	4	8	288
Вариативтік оқу жүктемесі		5	5	10	360
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		33	33	66	2376

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылы 1-2 сыныптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
I	Тіл және әдебиет	6	9	15	504
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	136
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	102
4	Орыс тілі	-	2	2	68
II	Математика және информатика	4,5	5	9,5	318,5
5	Математика	4	4	8	268
6	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	2	50,5

III	Жаратылыстану	1	1	2	67
7	Жаратылыстану	1	1	2	67
IV	Адам және қоғам	1	1	2	67
8	Дүниетану	1	1	2	67
V	Технология және өнер	3	3	6	201
9	Музыка	1	1	2	67
10	Көркем еңбек	-	-	-	
11	Еңбекке баулу	1	1	2	67
12	Бейнелеу өнері	1	1	2	67
VI	Дене шынықтыру	3	3	6	201
13	Дене шынықтыру	3	3	6	201
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	40,5	1358,5
Вариативтік компонент					
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	2	3	101
Вариативтік оқу жүктемесі		1	2	3	101
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	43,5	1459,5

3-4 сыныптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл және әдебиет	11	11	22	748
1	Әліппе, Ана тілі	-	-	-	-
2	Қазақ тілі	4	4	8	272
3	Әдебиеттік оқу	3	3	6	204
4	Орыс тілі	2	2	4	136
5	Шетел тілі	2	2	4	136
	Математика және информатика	6	6	12	408
6	Математика	5	5	10	340
7	Цифрлық сауаттылық	1	1	2	68
	Жаратылыстану	2	2	4	136
8	Жаратылыстану	2	2	4	136
	Адам және қоғам	1	1	2	68
9	Дүниетану	1	1	2	68
	Технология және өнер	2	2	4	136
10	Музыка	1	1	2	68
11	Көркем еңбек	1	1	2	68
12	Еңбекке баулу	-	-	-	-
13	Бейнелеу өнері	-	-	-	-
	Дене шынықтыру	3	3	6	204
14	Дене шынықтыру	3	3	6	204
Инварианттық оқу жүктемесі		25	25	50	1700
Вариативтік компонент					
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке		1	1	2	68

және топтық сабақтар				
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	2	68
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	26	26	52	1768

5-9 сыныптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6- қосымша):

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1980
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1080
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

10-11 сыныптардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86- қосымша):

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2304
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		2	2	4	144
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	216
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2520

10-11 сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша)

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	2	2	4	144
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	216
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216
6	Геометрия	1	1	2	72
7	Информатика	1	1	2	72
8	Физика	2	2	4	144

9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	1	1	2	72
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	4	144
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	62	2232
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		2	2	4	144
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	216
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		34	34	68	2448

3) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

12) 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Тәрбие жұмысының 2021-2022 оқу жылдарына арналған кешенді бағдарламасы, мақсаты, міндеттері

Мақсаты:

Оқушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуымен өзін – өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби жоғары, интеллектуалды және рухани – адамгершілік қасиеттерге бай, шығармашыл, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- ❖ Денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал ету;
- ❖ Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, Мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- ❖ Жеке тұлғаның өзін – өзі іс жүзінде көрсетуі мен өздігінен білім алу дағдыларын барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- ❖ Бала тәрбиелеуде отбасымен өзара ынтымақтастығын нығайту;

Күтілетін нәтиже:

- ❖ Жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азамат.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат негізінде мектеп – гимназияда тәрбие жұмысы келесі **бағыттар** бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты.

2021-2022 оқу жылында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында мектепте келесі жобалар іске асырылды:

- «Адалдық- арымның ісі» жобасы

- «Туған жерге тағзым» жобасы;
- «Qamqor» әлеуметтік еріктілер жобасы;
- «Ауылдағы 6 күн» жобасы;
- «Эко-START» жобасы;
- «Ana kelbeti» жобасы;
- «25 ән, 25 кітап» жобасы;

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар

«Тәрбиені нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету» бағыты

Тамыз айында ДТЖО А.Сайрамбаевтың басшылық жасауымен 1-11 сынып жетекшілері тәрбие жұмысының қызметін реттейтін нормативті құқықтық құжаттармен танысты және жұмыс барысы талқыланды және «Мектептегі тәрбие жұмысына байланысты нормативтік құқықтық база» тақырыбында әдістемелік сағат өткізілді. Сынып жетекшілікке жаңа тағайындалған жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

«Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету»

бағыты

Тәрбие жұмысының 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту үшін тамыз айында ДТЖО А.Сайрамбаев 1-11 сынып жетекшілерімен кеңес өткізді. Кеңес барысында тәрбие жоспарын құру бойынша сынып жетекшілерге ӨНХ бойынша жаңа оқу жылындағы ерекшеліктерді түсіндірді. Тәрбие жұмысына қатысты құжаттарды сапалы және уақтылы жүргізуді тапсырды. Сыныптың әлеуметтік картасын жасауда тиянақты, мұқият жұмыс жүргізу қажеттігін ескертті. Жұмыс барысында туындаған сұрақтар бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Темиров Е. жүгінуге болатынын еске салды. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырыстары әр тоқсан сайын кестеге сәйкес өткізіліп тұратыны хабарланды. Бірлестік жетекшісі болып бастауыш сынып мұғалімі А.Байтуманова тағайындалды.

Қараша айындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысында мектеп психологі Ж.Сулейманова «Қиын жасөспірімді тәрбиелеудегі мектеп ұжымы мен отбасының рөлі» тақырыбында тренинг жүргізді, 9 «Б» сынып жетекшісі Ж.Утелбаева «Сынып жетекшісінің «қиын» баламен жұмыс жүргізу жолдары» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

Желтоқсан айындағы директор жанындағы кеңес отырысында ДТЖО А.Сайрамбаев оқушылар арасында діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарының орындалуы бойынша есеп берді. Қаңтар айында сынып жетекшілер бірлестігі отырысында 6 «Б» сынып жетекшісі Мамбетрзаева Г. «Отбасы тәрбиесінің негіздері» тақырыбында баяндама жасады. Көтерілген мәселені талқылау өте тартысты түрде өтті. Ақпан айында директор жанындағы кеңес отырысында мектептің әлеуметтік педагогі Е.Темиров наркологиялық бекет жұмысының орындалуы бойынша есеп берді. Наурыз айында ДТЖО А.Сайрамбаев «Құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмыстарының ұйымдастырылуы жөнінде есеп берді және жүргізілген жұмыстардың барысына тоқталды. Мамыр айында ДТЖО А.Сайрамбаев оқушылардың жазғы демалысы және еңбек лагері жұмысының ұйымдастырылуы туралы мәлімет берді. Сонымен қатар, мамыр айында сынып жетекшілер бірлестігінің қорытынды отырысы өтті, жыл бойы атқарылған жұмыстарға бірлестік жетекшісі А.Байтуманова есеп берді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын, заңдарын меңгеру және

сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін қыркүйек айында 1-11 сынып жетекшілері «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарында оқушыларға еліміздің Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарын кеңінен насихаттау көзделді. Қазан айында ДТЖО А.Сайрамбаевтың тарапынан оқушылардың мемлекеттік рәміздерді білу дағдысы зерттелді. Мектеп оқушыларының еліміздің рәміздері туралы өте жақсы білетіндігі анықталды. Себебі, тақырыпқа байланысты сұрақтарға мүдірмей жауап берді. Қараша айында мектеп кітапханашысы Л.Жадраева «Мәңгілік Елдің жеті негізі» тақырыбында мазмұнды көрме ұйымдастырды. Желтоқсан айында ДТЖО А.Сайрамбаевтың және тәлімгер М.Абдраймовтың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік. Ерікті ел – Қазақстан» тақырыбында тәуелсіздік күніне байланысты жиын өткізілді. Жиын барысында 5-сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Сондай-ақ мерекелік іс-шаралар жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Ақпан айында АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Ж.Акимбеков жоғарғы сынып оқушыларымен «Ауғанстан – қаралы күн қан кешкен» тақырыбында ауған соғысы ардагерлерінің кездесуін ұйымдастырды. Оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор кездесу болды. Наурыз айында сынып жетекшілері «Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізді. Мамыр айында Отан қорғаушылар және жеңіс күніне орай іс-шаралар, «Патриот» акциясы өткізілді. АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Ж.Акимбеков «Халықты қамықтырған қаралы жылдар» тақырыбында репрессия құрбандарын еске алу жиынын ұйымдастырды.

«Рухани-адамгершілік тәрбие» бағыты

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдік қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

«Қоғамға қызмет» жобасы аясында 9 «Б» сынып жетекшісі Н.Тулеушованың ұйымдастыруымен «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» видеороликтер байқауы өткізілді. 7-11 сынып оқушылары тақырыпқа сай, мазмұнды видеоролик түсіру бойынша өзара бақ сынасты. Қазан айында ұстаздар күні мерекесі қарсаңында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 «А» сынып жетекшісі А.Сартаеваның жетекшілігімен «Ұстаз – ұлы есім!» тақырыбында ұстаздар мерекесіне арналған іс-шаралар өтті. Ақпан айында «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы бойынша «Ата салтым-асыл қазынам», «Қазақ халқының ұлттық ойындары», «Қазақ халқының ырым-тыйымдары» тақырыптарында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Наурыз айында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында облысымыздағы тарихи – мәдени орындарға саяхат ұйымдастырылды. Наурыз айында халықаралық әйелдер күніне орай «Сыйынар ем, ана деген тәңірге!» тақырыбында музыка пәнінің мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен

мерекелік концерт өтті. Сәуір айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Бейсбаеваның ұйымдастыруымен «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары» тақырыбында әдеби-музыкалық композиция өткізілді. Сондай-ақ «Қоғамға қызмет» жобасы аясында әлеуметтік педагог Е.Темировтың басшылығымен «7 игі іс» қайырымдылық акциясы өтті.

«Ұлттық тәрбие» бағыты

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарға құрмет көрсетуге бағыттау.

Қыркүйек айында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абдраймов М. «Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында 5-11 сыныптар аралығында мәнерлеп оқу байқауын өткізді. Байқауға барлық сыныптар белсенді атсалысты. Қазан айында «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» тақырыбында 8 «Б» сынып жетекшісі Киркимова А. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Желтоқсан айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Жасай бер, жаса Қазақстаным!» тақырыбында А.Сайрамбаевтың ұйымдастыруымен сурет байқауы өткізілді. Наурыз айында «Тарих мұрасы» жобасы аясында «Қош келдің, Әз Наурыз!» мерекелік бағдарламасы мектепте кең көлемде аталып өтті. Ұлттық дәстүрлеріміз ұлықталып, ұлттық ойындар ойнатылды. Сәуір айында көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ұлы дала мұрасы» тақырыбында сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығының көрмесі дайындалды. Музыка пәні мұғалімі Жиенбаева А. қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қалман П. Ұйымдастыруымен «Халқымның мәдениеті мен салт-дәстүрлері» тақырыбында фестиваль өткізілді. Мамыр айында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Есболов Д. ұйымдастыруымен «Асық ату» бойынша аймақтық жарыс өткізілді.

«Отбасылық тәрбие» бағыты

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қыркүйек айында А.Сайрамбаевтың ұйымдастыруымен «Отбасы – алтын ұя бесігім» сурет байқауын өткізді, 10-сынып жетекшісі Оңланбай М. «Отбасы – бақыт мекені» видеороликтер байқауын ұйымдастырды. ДТІЖО А.Сайрамбаев «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі», «Жаңа оқу жылындағы оқуды ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысыны өткізді. Желтоқсан айында ДТІЖО А.Сайрамбаевтың жетекшілігімен «Бала тәрбиесіндегі ата-ана мен мектеп ынтымақтастығы» тақырыбында әңгіме-сұхбат өткізілді. Қаңтар айында 8 «А» сынып жетекшісі Ж.Асилинаның ұйымдастыруымен «Отбасы тәрбиесінің негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Наурыз айында жас аналардың қатысуымен «Анаға қарап қыз өсер» тақырыбында Ж.Утелбаеваның ұйымдастыруымен сайыс өткізілді. Сәуір айында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Әлімханов жас отбасыларды қатыстыра отырып «Әкем, анам және мен – салауатты отбасы» тақырыбында спорттық жарыс өткізді.

«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық

ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Қазан айында «Алтын күз» кеші өткізілді. Кешті ұйымдастырған мектеп тәлімгері: Абдраймов М. «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында мектепті көріктендіру, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары көктем және күз айларында жүйелі түрде жүргізілді. Ақпан айында М.Абдраймов «Еңбек – елдің мұраты» тақырыбында әр саладағы мамандармен кездесу ұйымдастырды. Наурыз айында 1-11 сынып жетекшілері «Табиғат - тіршілік нәрі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Сәуір айында көркем еңбек пәні мұғалімдері М.Сайрамбаева мен М.Бибосынов «Қалдықты пайдаға асыр» тақырыбында қалдық заттардан жасалған заттардан көрме ұйымдастырды. Мамыр айында мектеп бітірушілер арасында сынып жетекшілері С.Медерова, А.Султанбекованың ұйымдастыруымен «Менің атаулы ағашым» тақырыбында акция өткізілді.

«Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие» бағыты

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту.

«Театр сабақтары» жобасы аясында қараша айында мектеп кітапханашысы Л.Жадраеваның ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстан: кеше, бүгін және оның жарқын болашағы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қаңтар айында бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында сахналық көріністер қойылды. Наурыз айында мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Алғыс – ризашылық белгісі» ұлт өкілдері арасында челлендж өтті. Сәуір айында қыздар жұмысына жауапты Ж.Утелбаеваның ұйымдастыруымен «Мектеп аруы - 2022» байқауы өткізілді. Мамыр айында 1-11 сыныптарда «Әлем таныған көпұлтты Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 1 маусым Балаларды қорғау күніне орай музыка пәнінің мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен «Бақытты балалық шақ» мерекелік концерті ұйымдастырылды.

«Зияткерлік тәрбие» (ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу) бағыты

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Қараша айында мектеп кітапханашысы Л.Жадраеваның және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Д.Аденованың ұйымдастыруымен «Абай оқулары» (өлеңдері, қара сөздері, сахналық қойылым) Bookcrossing жобасы бойынша байқау өтті. Информатика пәнінің мұғалімі А.Караеваның жетекшілігімен «Әлеуметтік желілерді дұрыс қолдану» тақырыбында оқушылар арасында әңгіме жүргізілді. Наурыз айында тарих пәні мұғалімдері Г.Байменованың, Г.Молдалиеваның ұйымдастыруымен 5-10 сынып оқушыларынан «Қазақ жерінің ұлы тұлғалары» тақырыбында тест тапсырмалары алынды. Сәуір айында 9 «А» сынып жетекшісі А.Сартаеваның ұйымдастыруымен «Зерде» ойын-марафоны өткізілді. Информатика пәнінің мұғалімі С.Медерованың ұйымдастыруымен «Киберқауіпсіздік туралы не білесіз?» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында әңгіме-сұхбат жүргізілді.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағыты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

«Денсаулық жобасы» аясында қыркүйек айында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Есболов Д. ұйымдастыруымен «Денсаулық фестивалі - 2021» денсаулық күніне орай жарыстар өтті. Қазан айында «Денсаулығыңды сақта!» тақырыбымен мектеп медбикесі тарапынан дәрігерлік кеңес берілді. Қараша айында 1-11 сыныптарда «Қауіпсіз өмір» жарақаттың барлық түрлерінен сақтандыруға арналған сынып сағаттары өткізілді. Ақпан айында «Тәні саудың, жаны сау» салауатты өмір салтына шақыру челленджі өткізілді. Сәуір айында информатика пәнінің мұғалімі А.Караеваның ұйымдастыруымен «Әкем, анам және мен - салауатты отбасы» видеороликтер байқауы өткізіліп, қорытындысы шығарылды.

«Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі» КММ-нің ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау бойынша 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар

Білім беру ұйымдарында қазіргі таңда мемлекеттік рәміздерді дәріптеу ісін жаңа деңгейге көтеру мақсатында жастар арасында, оның ішінде өскелең ұрпақтың ортасында идеологиялық жұмыс күшейтілуде.

Министрлік «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңының, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай – ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (*орнату, орналастыру*) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысының талаптарын орындау көздеп отыр.


Осыған байланысты, мектепте Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы заңның орындалуы мақсатында келесі іс - шаралар өткізілді:

1. Мектепте мемлекеттік рәміздерді пайдалану және қолдану бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары, тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.
 2. Мектеп мекемесінде рәміздердің шығу тарихы, олардың авторлары, рәміздерді қабылдаудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың рөлі туралы насихатталды.
 3. Іс – шараларды өткізу кезінде, оның ішінде ұлттық, мемлекеттік мерекелерді өткізу барысында мемлекеттік рәміздерді пайдалану талаптары қатаң сақталды.
 4. Спорттық жарыстар мен патриоттық іс- шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы жоғары көтеріліп, Мемлекеттік Гимн орындалды. Сонымен қатар мектептегі оқу кабинеттеріндегі мемлекеттік рәміздердің орналасуы тексерілді.
- рәміздерді ілу міндеттелмеген кабинеттері-орыс тілі, ағылшын тілі, математика, информатика, физика, химия кабинеттері
- Басқа кабинеттерде рәміздер талапқа сай ілінген.
- Мемлекеттік Гимн әр аптаның дүйсенбі күні орындалды, Мемлекеттік мереке күндерін атап өтуде, Білім күніне арналған салтанатты жиында, т.б. іс-шараларда орындалды.


Жоспарға сәйкес қыркүйек айында тарих пәнінің мұғалімі Молдалева Г. қашықтықтан «Тарихтағы таңбалар мен белгілер» атты танымдық сабақ өткізді.

Қазан айында Қараева А. «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында онлайн сабақ өтті. Қараша айында Асилина Ж. «Еліміздің мемлекеттік рәміздері-елдігіміңнің айғағы» тақырыбында онлайн сабақ өтті. Қазан-ақпан айларында пектеп психологы Сүлейменова Ж. «Қазақстан Республикасының рәміздерін сен қаншалықты білесің?» тақырыбында сауалнама жүргізді. 6 сынып жетекшілері «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» тақырыбында сайыс сабақ өтті. Наурыз айында «Туған елім тірегім» интеллектуалдық ойыны жүргізілді. Наурыз айында МДТІЖО С. Айрамбаевтың қатысуымен Қ.Р. «Мемлекеттік Рәміздері» туралы заңның орындалуын тексеріп-зерделеу жұмыстары жүргізілді. Тексеру барысында ешқандай кемшіліктер орын алған жоқ, талапқа сай орындалды. Сәуір айында сынып жетекшілер «Қ.Р. Мемлекеттік Рәміздеріне құрмет» тақырыбында сынып сағаттарын өтті.

**«Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ-нің
2021-2022оқу жылындағы 1-4 сыныптар арасында «Қазақстан
Республикасының рәміздерін сен қаншалықты білесің?» тақырыбында
алынған тестінің мониторингісі**



**«Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ-нің
2021-2022оқу жылындағы 5-11 сыныптар арасында «Қазақстан
Республикасының рәміздерін сен қаншалықты білесің?» тақырыбында
алынған тестінің мониторингісі**



2021-2022 оқу жылындағы білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында жыл бойына 1-11 сыныптар аралығында зерттеу жұмысы өткізіледі. Зерттеуде оқушының тәрбиеге қатысты рухани байлығы мен сапаларын сынып жетекшінің бағалауы арқылы әр оқушы туралы мағлұмат алуға және сыныптың тәрбиелік деңгейін анықтауға мүмкіндік туады. Сынып жетекшілер 11 критерийлер арқылы оқушыларды бағалайды. Оқуға қатынасы, еңбекке қатынасы, сыртқы бейнесі, қоғамдық жұмысқа, өнерге қатынасы, сабақ кезінде және үзіліс кезіндегі тәртібі, адалдығы, салауатты өмір салтына көзқарасы, ұқыптылығы, сабақтан кешікпей себепсіз қалмауы, әр критерий бес баллдық жүйемен бағаланды.

Осы критерийлердің орта балын есептеу барысында әр сыныптың тәрбиелік деңгейі анықталды. Сыныптың тәрбиелік көрсеткіштері сынып жетекшінің сыныппен жұмыс істей алуына тікелей байланысты. Кэмбридж бағдарламасы аясында жалпы мектептің негізі басымдықтары негізінде топтағы диалог, өзін-өзі бағалау арқылы оқушылардың өзін-өзі және басқаларды құрметтеуге үйренді. Барлық сыныптардағы сабақтарда топтық жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсы көрініс бере бастады. Оқушылар бірін-бірі сыйлап, ынтықмақтастықтары күшейді, оқушылардың тәрбиелік деңгейлері артты.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

2019-2020 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2020-2021 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2021-2022 оқу жылының тәрбие көрсеткіші
80%	81%	82%

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінде 2021-2022 оқу жылына арналған кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарына талдау

2021-2022 оқу жылының I тоқсаны қыркүйек айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н., мектеп психологі Сулейманова Ж. ҚР ПМ ҚР ПМ 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1098 бұйрығына сәйкес, АПБ-мен бірлескен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар

жоспарын жасап, бекітті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. 1-11 сынып жетекшілеріне мектеп оқушыларына арналған «Қауіпсіз маршрут» сызбасын дайындап, бекітуді тапсырды. Маршрут сызбалары талапқа сай дайындалып, бекітілді, оқушылардың әлеуметтік төлқұжататына салынды. Әлеуметтік педагог Темиров Е. әр сынып бойынша 1-11 сынып жетекшілерінен «Әлеуметтік төлқұжат» жинақтау жұмыстарын жүргізді. Қыркүйек-қазан айларында әлеуметтік педагог Темиров Е., мектеп психологі Сулейманова Ж. мектеп қабырғасында тұрмысы қолайсыз отбасыларының, девиантты мінез-құлықты балалардың, тәртібі қиын, құқық бұзушылық жасауға бейім агрессивті мінез-құлықтағы балалардың тізімін қалыптастыру және олармен түзету-профилактикалық жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н., мектеп психологі Сулейманова Ж., әлеуметтік педагог Темиров Е. тарапынан сабақтан жалтарған, қаңғыбастыққа салынған жасөспірімдерді анықтау мақсатында көңіл көтеру орындары т.с.с. сондай-ақ, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін рейдтер жүргізілді. Тоқсан сайын 8-11 сынып оқушылары арасында ақша бопсалау, күштеу әрекеттерінің алдын алу мақсатында мектеп психологі Сулейманова Ж., әлеуметтік педагог Темиров Е. жасырын сауалнамалар алып, қорытындысын шығарып отырды. Зорлық-зомбылықтың құрбандары болған (болып жатқан) жасөспірімдерді анықтау мақсатында мектеп оқушылары арасында жасырын сауалнамаларды да тоқсан сайын жүйелі жүргізіп отырды. Қыркүйек айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және мектеп психологі Сулейманова Ж. ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторымен кездесу өткізілді. Қазан айында АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді.

II тоқсандағы жұмыстарға тоқталатын болсақ, қараша айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен «Балалардың қорғалу құқықтары» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және мектеп психологі Сулейманова Ж., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. тарапынан ай сайын түнгі рейдтер ұйымдастырылды. Қараша айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыпта ата-аналармен әңгіме өткізілді. Желтоқсан айында АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді.

III тоқсан бойынша қаңтар айында «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастырылды. Ақпан айында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен ата-аналармен кездесу өтті. Наурыз айында Қамқоршылық кеңес алдында мектеп инспекторы есеп берді.

IV тоқсанда сәуір айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің әкімшілік құқықбұзушылығы» 5-8 сынып

оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мамыр айында «Балалардың алкогольді өнімдер мен темекі өнімдерін, есірткі немесе улы заттарды пайдалануы» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен сұхбат жүргізілді. Сонымен қатар, мектеп инспекторы Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді. Мамыр-тамыз айлары аралығында оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуына бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, жасөспірімдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу бойынша

2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары мектепегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізіліп отырады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайрамбаев, мектеп психологы Ж. Сулейменова және әлеуметтік педагог Е.Темировтың қатысуымен ай сайын мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысқа қарсы күрес мәселелері, профилактикалық есептерде тұрған кәмелетке толмағандар бойынша өзара ақпарат, мәлімет жинақталады. Оқушылардың жалпыға міндетті орта біліммен толық қамтылуын, оқушылардың сабаққа түгел қатысуын қадағалап отырды; түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін оперативтік алдын алу бойынша рейдтер жүргізілді; Тоқсан сайын қараусыз қалған кәмелетке толмағандарды қадағалау, ата-аналарына немесе оны ауыстыратын заңды тұлғаларға құқықтық көмек көрсету және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шаралар сынып жетекшілердің және ата-аналардың қатысуымен жүргізіліп отырды.

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сайрамбаев, мектеп психологы Ж. Сулейменованың қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» атты әңгіме жүргізілді. Кездесу барысында қарастырылған сұрақтар: кәмелетке толмағандар арасындағы көп кездесетін қылмыстар, қылмыс бойынша жауаптылық басталу жасы, жасөспірімдердің зиянды әдеттерге әуес болуы. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді; «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналармен тренингтер, түсіндірме жұмыстар ашық айтылып, сұрақ-жауаптар болды, ата-аналар сұрақтарына нақты жауаптар алды. Қазан айында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттарды барлық 5 пен 11 сынып жетекшілер өткізді, оқушыларға өз құқықтарын түсіндіріп, сабақтар әр түрлі форматта өтілді, сабақтарға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сайрамбаев қатысты; Қараша айында «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыбында ата-аналармен әңгіме жүргізілді. Іс шара барысында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді Желтоқсан айында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» атты

ата-аналар жиналысы өтті. Қаңтар айында «Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» тақырыбында 6 және 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Ақпан айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында жиналыс өтті. Сәуір айында 5 пен 8 сынып оқушыларынан «Жасөспірімдердің әкімшілік құқық бұзушылығы» тақырыбында сұхбат алынды. Мамыр айында 8-11 сынып оқушыларымен «Балалардың арасында алкагольді өнімдер мен темекі бұйымдары, есірткі немесе улы заттарды пайдалану» атты әңгіме жүргізілді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың, сондай-ақ, зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу жұмыстары кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу, олардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында жыл бойы жұмыстар атқарылып отырды.

Жыл бойы мектепте мектеп психологы: Ж. Сулейменова балаларға психологиялық көмек көрсету, зорлық-зомбылық немесе қатыгез қараудың фактілерінің алдын алу мақсатында «Сенім жәшігі» және «Сенім телефондарын» орналастырды. Оқушыларға анонимді түрде зорлық-зомбылық немесе қатыгез қараудың фактілері орын алып жатқан жағдайда жәшікке немесе сенім телефонына хабарласуға болатындығы түсіндірілді. Тоқсан сайын психологтар мен әлеуметтік педагогтер зорлықтың құрбандары болған жасөспірімдерді анықтау мақсатында мектеп оқушылары арасында анонимді жасырын сауалнамалар алынып отырады. Қыркүйек айында психолог Ш.Юнисова өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында 5-7 сынып оқушыларымен «Менің өмірім» атты тренинг жүргізді; Қазан айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайрамбаев, мектеп психологы Ж. Сулейменова және мектеп медбикесі «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 сынып қыздарынан сұхбат алынды;

Қараша айында «Жас қыздың басты жауы-сауатсыздық» тақырыбында ауыл дәрігерімен кездесу ұйымдастырды, кездесуге ауыл дәрігері қатысып түсіндіру жұмыстарын жүргізді; Желтоқсан айында «Қыз тәрбиесі күрделі мәселе» атты 8-11 сынып қыздар арасында әңгіме жүргізілді. Іс-шараға мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, медбике қатысты; Ақпан айында «Бала – ата-ананың, мектеп тәрбиесінің, қоғамның айнасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы жасалды; Мамыр айында қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы екендігін, қуаныш сыйлап, қамқорлық көрсету керектігін түсіндіріп, балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу мақсатында «Жүректен-жүрекке» акциясы өтті.

Білім беру ұйымында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін, «Мектептен- үйге» немесе «Үйден -мектепке» дейінгі қауіпсіз маршрутын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілді.

Тоқсан сайын мектеп медбикесі Шажыралева Г. мектепте оқушылардың денсаулық жағдайын үнемі бақылап, қадағалап мәлімет беріп отырды; Жоспарға сәйкес мектеп психологы Сулейменова Ж. психологиялық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, жеке тұлға аралық байланыстарды анықтау бойынша социометриялық зерттеу, агрессия, психикалық бұзылушылық, қылмысқа және аутодеструктивті

мінез-құлық бейімділігінің «Тәуекел тобын» анықтады; Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Ата-аналар сіздер үшін...» тақырыбында ақпараттық бұрыш ілінді; Маусым айында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты тақырыпта акция өткізілді;

Мектепте "Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күндік күрес" атты акция өткізілді. Акцияның мақсаты – қоғамның, оның ішінде ересектердің, балалардың және олардың ата-аналарының назарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын-алу мәселелеріне аудару болды. Жасөспірімдерді қараусыздықтың, түнгі уақытта көшеде жүрудің салдарынан құрдастары кездесетін жағдайлар туралы ақпарат берілді. 1-10 сынып оқушылары арасында мектепте әр түрлі іс-шаралар өткізілді, сурет байқауы, интеллектуалды ойындар жүргізілді. Балалар белсенділік, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Балалар еңбегін қанауға қарсы үгіт–насихат жүргізу мақсатында мектеп алаңында балалармен "Флэш-моб" өткізілді.

Ата-аналармен бірлескен жұмыс

2021-2022 оқу жылында мектепте тәрбие мен мәдениетті ұштастыра отырып, үштік одақ: мектеп - ата-ана – оқушы бірлесіп көптеген жұмыстар жүргізді. Ой санасы дамыған, адамгершілігі зор, еңбекқор, сауатты, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жолындағы ата - ана, ұстаз, оқушы қарым – қатынасы ынтымақта болу жолында жұмыстар өз деңгейінде жүріп отырды.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектепшілік ата-аналармен жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
2.	Ата-аналарды мектептің тәрбие жұмыстарына қатыстыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
3.	Сыныптардағы ата – аналар жиналысы	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер
I. Жалпы мектеп ішілік жиналыстар			
	№ 1 жиналыс	Қыркүйек	
1.	Жаңа 2021-2022 оқу жылында балаларды оқыту		Стыбаева А.
2.	«Мектепке барар жол» акциясының қорытындысы		Темиров Е.
3.	Оқушыларды оқулықтармен қамту		Кітапханашы Сағындыкова Б.
4.	Мектеп формасы туралы		Сайрамбаев А.
	№ 2 жиналыс	Қазан	
1.	Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінің директоры А.Стыбаева коронавирустық инфекцияның таралуы жағдайында 2021-2022 оқу жылында оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қамқоршылық кеңес пен оқушылардың ата – аналары		А.Стыбаева

	алдында есеп беруі		
2.	Мектеп оқушыларының арасында құқық бұзушылықтың алдын - алу		Сайрамбаев А.
	№ 3 жиналыс	Желтоқсан	
1.	I жарты жылдық қортындысы		Стыбаева А.
2.	Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын - алу		Сайрамбаев А.
3.	Мектеп бітіруші сыныптардың қорытынды аттестаттаудан өту ерекшелігі		Түменбаева Р.
	№ 4 жиналыс	Ақпан	
1.	Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын – алу және интернет желісіндегі кейбір сайттардың баланың психикалық денсаулығына теріс әсері		Сулейменова Ж.
2.	Төтенше жағдай кезінде балалардың қауіпсіздігі		Әкімбеков Ж.
	№5 жиналыс	Сәуір	
1.	2021-2022 оқу жылында мектеп – гимназия оқушыларының оқу – тәрбие үрдісіндегі жетістіктері		Сайрамбаев А.
2.	2021-2022 оқу жылында жазғы мектеп жұмысы		Түменбаева Р.
3.	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік шаралары, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын - алу		Сайрамбаев А.
4.	Оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы жазғы лагерь және еңбек лагерь жұмысы		Сайрамбаев А.
	№ 6 жиналыс	Мамыр	
1.	Мектеп директорының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмысы туралы қамқоршылық кеңес мүшелері алдында есебі		А. Стыбаева
	II. Сынып жетекшілердің ата - аналармен бірлескен жиналыстары, отырыстар		

I тоқсан	I. Білімдегі олқылықтарды жою бағытында жүргізілетін жұмыстар. II. Пандемия кезіндегі оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру. III. Оқушыларды оқулықпен қамту. Тегін ыстық тамақпен қамту мәселелері. VI. Ата-аналар комитетін сайлау V. Әртүрлі мәселелер («Көшеде сақ бол!» көшеде жүру ережесі бойынша ата-аналарға жаднама. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабаққа келмеу, т.б. тәртіп бұзушылықтар және оларға қолданылатын шаралар)	Қыркүйек Қазан қараша	Сайрамбаев А. Түменбаева Р. Мектеп психологтары Сынып жетекшілер Сайрамбаев А. Сынып жетекшілер
	I. «Отбасы – тәрбие бастауы» баяндама II. 1 тоқсан қортындысы III. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі IV. Әртүрлі мәселелер	Наурыз - сәуір	Сынып жетекшілер
II тоқсан	I. «Интернеттің жағымсыз әсеріне тосқауыл қою» тақырыбында баяндама II. 2 тоқсан қорытындысы III. Қысқы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі. IV. Әртүрлі мәселелер	Желтоқсан - ақпан	Сынып жетекшілер Мектеп психологтары
III тоқсан	I. «Төтенше жағдай кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында баяндама II. 3 тоқсан қорытындысы III. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі. IV. Әртүрлі мәселелер		
VI тоқсан	I. «Жаз және бала - 2022» баланың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі. II. «Мамандығым - мақтанышым» 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдаудағы ата – ананың рөлі III. 4 тоқсан және 2021-2022 оқу жылының қорытындысы IV. Әртүрлі мәселелер	Мамыр	Мектеп психологы Сынып жетекшілер 11-сынып жетекшісі
III. Ата-аналарды мектептің тәрбие жұмыстарына қатыстыру			

1.	«Таза - LIKE» экологиялық акциясы аясында ата – аналармен бірлесіп мектеп ауласына ағаш отырғызу	Қыркүйек	ДТІЖО Сайрамбаев А. 9-11 сынып жетекшілері
2.	1 – қазан «Қарттар күніне» орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында концерттік бағдарлама қою.	Қазан	ДТІЖО Сайрамбаев А. «Жас ұлан» ұйымы Тәлімгер Әліке А.
3.	«Бала тәрбиесіндегі рухани - адамгершілік тәрбиенің маңызы» тақырыбында дөңгелек үстел	Қараша	9 сынып жетекшілері Мектеп психологтары
4.	«Үштік одақ: ата – ана -мектеп-оқушы» ата – аналарға арналған семинар	Желтоқсан	8 сынып жетекшілері Асилина Ж.
5.	«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттық хас жауы» тақырыбында семинар	Қаңтар	Сайрамбаев А. 7-8-9-10 сынып жетекшілері
6.	«Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында қыздар мен аналардың арасында кеңес - тренинг	Ақпан	5-6-7-8-9 сынып жетекшілері Мектеп психологтары Сүлейменова Ж. Юнисова Ш.
7.	«Ата – ана жұмысындағы бір күн» тақырыбында бейнероликтер түсірілімі	Наурыз	7 сынып жетекшілер Тәлімгер Әліке А.
8.	7 сәуір – «Халықаралық денсаулық күніне» орай «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында спорттық жарыс	Сәуір	5-6 сынып жетекшілері Дене шынықтыру бірлестігі Тәлімгер Әліке А.
9.	«ҰБТ – ға дайындық кезіндегі балаға көмек» тақырыбында ата – аналармен кеңес-тренинг жүргізу	Мамыр	11 сынып жетекшілері
	Барлық іс – шара саны: 15		
	Қамтылған ата – аналар саны: 95		

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

2021-2022 оқу жылына сынып жетекшілерін тағайындау мақсатында №56 29.08.2021ж. күнімен бұйрық шығарылды. Сыныптағы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын қадағалау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-аналармен байланысып, олардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, сыныптағы өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру және тәрбие іс-шараларын өткізу үшін 1-11 сынып оқушыларына 22 сынып жетекші тағайындалды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік кеңес отырысы

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс шаралар	Жауаптылары	Орындау мерзімі
№1 отырыс	2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын талдау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жетекшілері	Тамыз
	2021-2022 оқу жылына арналған сынып жетекшілердің тәрбие жоспары бойынша пікірлесу, жоспарды құру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р.	
	ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатына талдау жасау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жетекшілері	
№2 отырыс	Педагогтің баламен әрекеттесуінің ерекшеліктері	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Сүимбаева А.	Қараша
	Ата аналар жиналысына дайын болу және өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Қараева А.	
№3 отырыс	Өзін өзі тәрбелеу және өз бетімен білім алу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші:	Қаңтар

		Әденова Д.	
	Оқушылардың өздігінен әрекетін басқару	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Сартаева А.	
	Оқушының жеке басын қалыптастырудағы ойынның рөлі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Дегембаева Ә.	
№4 отырыс	Ата аналарды оқыту мен тәрбие беру ісіне тарту	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Киркимова А.	Наурыз
	Тәрбие жүйесіндегі сынып жетекшісінің орны	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Төлеуішова Н.	Мамыр
	Оқушылардың субъектілік көзқарастарын дамытудағы сынып жетекшісінің рөлі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Молдалиева Г.	
	Оқушылардың жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. Сулейменова Ж.	
	2021 – 2022 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды талдауы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р.	

Сынып жетекшілері туралы мәлімет

Оқу жылы	Барлық сынып жетекшісінің саны	Санаты				
		Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2021-2022	22	1	5	3	5	8

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы

Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша 2011 жылы 6 шілдеде «Елорда күніне» орай «Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады.

«Жас Қыран, Жас Ұлан» ББЖҰ-ның мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Қыран, Жас Ұлан» ББЖҰ-ның міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рұхани адамгершілік әлеуметтік қалыптастыру;
- Балалар мен жас өспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Жас Ұлан» ББЖҰ-ның көшбасшысы – барлық деңгейде «Ұлан басшысы» деп аталады, ол 9-10 сынып оқушылары арасынан жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен сайланады.

«Жас Ұлан» ББЖҰ негізгі 7 бағыты бойынша жылдық жоспар жұмысын атқарады:

1. Зерде
2. Руханият
3. Отан
4. Жеті жарғы
5. Салауат
6. Еңбек
7. Эко әлем

«Жас Ұлан» ББЖҰ қабылданған оқушылар

Жыл	Жас ұландықтар	Жас қырандықтар	Барлығы
2021-2022	160	172	332

№	Аты -жөні	Сыныбы	Атқаратын қызметі
1.	Үсен Каусар	10 «Б»	Ұланбасы
2.	Мұрат Дана	10 «Б»	Мәдени-тәрбиелік Бөлімбасы
3.	Асылханқызы Амина	10 «Б»	Салауатты өмір салтын насихаттау Бөлімбасы
4.	Қылышбек Өрнекбай	10 «А»	Сыртқы істер Бөлімбасы
5.	Қуанышұлы Дихан	10 «А»	Ақпараттық Бөлімбасы
6.	Жолдас Құралай	10 «А»	Ғылыми Бөлімбасы

«Жас Ұлан» ББЖҰ 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс - шаралар

№	Аталған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылған оқушы саны	Сілтемесі
1.	«Отбасым бақыт мекенім»	Сурет байқауы	10	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid047R4WmCKqTHpXtZ1MesFWi5nTHrn9J1p4ycRAU8fKrWQQPtE5z5GRnnV6zUuHhAkl&id=100032539576096&sfnsn=wa&mibextid=2Rb1fB
2.	«Қарттары бар үйдің қазынасы бар»	Құттықтау бейнеролигі	15	https://www.instagram.com/p/CFhALZehpUz/?igshid=3q5orqh5a9zk
3.	«Тәуелсіз елім- Қазақстан!»	Патриоттық ән байқауы	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=626014075205825&id=100033917141244
4.	«Жан жылуын сыйлаймыз!»	Қайырымдыл ық акция	10	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=590066575467242&id=100033917141244
5.	«Елін сүйген Елбасы»	Салтанатты жиын	20	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=624840215323211&id=100033917141244
6.	1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай «Жас Ұлан» ББЖҰ – ның қатарына оқушыларды қабылдау	Салтанатты форум	200	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=386566062438043&id=100032539576096&sfnsn=mo

7.	«Жарысайық бәріміз!»	Спорттық жарыс	30	https://www.instagram.com/tv/B-2WJYwhNsY/?utm_medium=share_sheet
8.	«Дулат баба» кесенесіне онлайн саяхат	Онлайн саяхат	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=406392937122022&id=100032539576096&sfnsn=mo
9.	«Иманды болу парызың!»	Акция	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=416176872810295&id=100032539576096&sfnsn=mo
10.	«Жүректе қалған отты жылдар»	Кездесу ұйымдастыру	25	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=421059025655413&id=100032539576096&sfnsn=mo
11.	«Туған елге мың алғыс!»	челлендж	30	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=426477178446931&id=100032539576096&sfnsn=mo
12.	«Мен дайындаған Наурыз көже»	Бейнеролик байқауы	20	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=447627539665228&id=100032539576096&sfnsn=mo
13.	«Дендро» паркіне саяхат	Саяхат	25	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=452572215837427&id=100032539576096&sfnsn=mo
14.	«Эко-Асар»	Марафон	20	https://www.instagram.com/tv/COZ7SalBGOI/?igshid=zlicmj5rczdw
15.	«Аталар аманаты»	ҰОС ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтауға арналған челендж	13	https://www.instagram.com/p/COm77odBQz9/?utm_medium=share_sheet

Мектеп парламентінің жұмысы

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы. 2020 жылдың 5 қыркүйек күні Мектеп Президенті сайлауы өтті. Сайлауға үміткерлердің визит карточкалары, видеороликтері мектебіміздің әлеуметтік желісіндегі парақшаларда орналастырылды. Сайлауға 9-10 сынып білім алушылары қатысты, ең көп дауыс (1351 дауыс) жинаған үміткер Мектеп Президенті болып 10 «А» сынып білім алушысы Үсен Каусар сайланды. Сонымен қатар Қ.Сұлтанбеков мектебінде өзін - өзі басқару ұйымының жұмысын ілгерілету мақсатында мектеп президенті Үсен Каусардың салтанатты түрде ант беру рәсімі және «Мектеп парламентінің» министрлерін тағайындау іс - шарасы өткізілді. Іс - шара барысында мектеп президенті – Үсен Каусар

Құқық және тәртіп фракциясы - Нұрғали Зейнеп

Ақпарат фракциясы - Қуанышұлы Дихан

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы - Асылханқызы Амина

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы - Мұрат Дана

Қамқорлық фракциясы - Қылышбек Өрнекбай

Мәдениет және өнер фракциясы - Мұрат Дана

Дебат қозғалысының фракциясы - Жолдас Құралай

Экология және еңбек фракциясы - Амантаева Гаухар

Әділет фракциясы - Маханбет Назерке

Бұхаралық хатшы - Қуанышұлы Дихан болып тағайындалды. Мектеп директоры оқушыларды құттықтап, салтанатты түрде төсбелгілерін тақты. Тағайындалған министрлерге және мектеп – Қ.Сұлтанбеков президентіне оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие ала отырып жан-жақты дамуына өз үлестерін қосып, жүйелі жұмыс атқарады. 2020-2021 оқу жылында «Дарын» ӨӨБҰ мүшелері атқаратын іс – шаралар жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес ұйым мүшелері оқушылармен біріге отырып экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық бағыттағы іс – шараларды өз дәржесінде ұйымдастырды.

№	Мүш елері нің саны	Атқарылған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылға ндар саны	Әлеуметтік желідегі сілтемелері
20 21 - 20 22	9	«Әкем, анам және мен» онлайн формата спорттық жарыс, «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы, «Бір бала – бір ағаш» экологиялық акция, этно- мәдениет орталығына саяхат, "Қыздарға жарасады әдемілік, әдептілік" қыздар жиналысы	Спорттық жарыс, қайырымдылық акциялар, мерекелік құттықтау іс - шаралары, қыздар жиналысы, дөңгелек үстел, саяхаттар, акциялар	270	https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=673431480418165&id=100032539576096 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=677695993325047&id=100032539576096
Барлық іс-шара саны - 12					
Барлық қамтылғандар саны - 270					

Мектеп парламентінің жұмысы

Мектептегі өзін – өзі басқару ұйымының мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

№	Мүшелерінің саны	Атқарылған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылғандар саны	Әлеуметтік желідегі сілтемелері
2021-2022	9	"Тәуелсіздік жетістіктері" челлендж, "Жарысайық бәріміз" спорттық жарыс, "Аялы алақан" қайырымдылық акциясы, "Табиғатты аялайық" экологиялық акция, "Біздің көшеде ардагер тұрады" ардагерлермен кездесу, "Ата – анна жұмысындағы бір күн" әлеуметтік акция, "Қыз баланы тәрбиелеу де ұлттық құндылықтар" дөңгелек үстел	Челендж, спорттық жарыс, қайырымдылық акциялар, мерекелік құттықтау іс-шаралары, қыздар жиналысы, дөңгелек үстел, саяхаттар, акциялар	250	https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=673431480418165&id=100032539576096https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=67769593325047&id=100032539576096https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=673431480418165&id=100032539576096https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=67769593325047&id=100032539576096
Барлық іс-шара саны - 14					
Барлық қамтылғандар саны - 250					

«Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ – нің 2021 – 2022 оқу жылында «Қыз Жібек» қыздар клубының өткізілген іс – шаралар туралы талдау

2021-2022 оқу жылында, білім алушы қыз балаларды ұлттық санада тәрбиелеуді, болашақ ана ретінде дайындауды және кеңес беру мақсатында «Қыз Жібек» клубы құрылды. Мектепте қыздар кеңесін құру туралы № 237 бұйрық мектеп директорымен бекітілді. Қыздар кеңесінің құрамы қыздар кеңесінің жетекшісі Утелбаева Ж, педагог – психолог Сулейманова Ж, мед.бике Шажыралиева Г және 12 оқушыдан құралған. Қыздар ұйымының бір жылға жылдық жоспары жасалған. Жоспар бойынша 23.09.2021 жылы қыздар ұйымының жетекшісі Ж.А.Утелбаева жылдық жоспармен таныстырды. Жасөспірімдермен жұмысты үйлестіру үшін клуб белсенділерін бекітті. Жиналыс барысында мектеп формасы, қыз баланың жүріс - тұрысы туралы кеңес берілді.

11.10.2021 күні жоспарлы жиналысы « Қыз балаға ең қажетті шарт – салауатты өмір салты, қыз баланың мінез – құлқы» тақырыбында болып өтті. Мақсаты: рухани адамгершілік сезімге тәрбиелей отырып, қыз балаларды салауатты өмір салты негіздерімен таныстыру. Мектеп мейірбикесі Г.Шажыралиева осы тақырып бойынша баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

24.11.2021 күні «Мен қазақ қыздарына қайран қалам....» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс қимыл жүріс тұрыс дағдысы, әдепсіздік және азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу. Дөңгелек үстелге 10 сынып оқушылары қатысты. Психологиялық тренингтер өткізіліп, «Қазақ қыздары» тақырыбындағы видеоролик ұсынылды.

Желтоқсан айындығы жоспарға сәйкес жиналыс 24.12.2021 күні өткізілді. Тақырыбы: «Қызым саған айтамын». Мақсаты: әдепсіз сөз айтпауға, қыз баланың биязы мінезді, үлкен кісінің бетіне келмеуге, үлкен кісіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. 9 сынып жетекшісі Н.Төлеушова өзінің бандамасында қызға қырық үйден тыйым салу мәтелінің мағынасын ашып көрсетті.

Қаңтар айындағы жоспарға сәйкес 28.01.2022 күні жүктіліктің алдын алуға байланысты баяндамалар оқылып, мейірбике Г.Шажыралиеваның түсіндіру жұмысынан кейін психолог Ж.Сулейманова тренинг жүргізді.

Наурыз айында 8-наурыз қыздар мерекесіне байланысты 8-11 сынып қыздары арасында байқау ұйымдастырылды. Байқау қазақ қызының шын бейнесін көрсетіп, әдептілігімен таңғалдырды. Қыздар өз өнерлерін көрсетіп, тамақ пісіру, тігін тігуге қабілеттері барын көрсетті. 8 сынып оқушысы Н.Қазақбай бас жүлде алып, аудандық байқауға жіберілді.

<https://www.facebook.com/share/p/3QQQGg31JDVGd7jX/?mibextid=WC7FNe>

Жыл бойына 5-11 сынып қыз балаларымен үздіксіз байланыс орнатылып, жиналыстар, тренингтер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып тұрады. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде қыздар арасында құқық бұзушылық пен теріс әрекеттері болмады.

«Азамат» дебат клубына

Дебат клубы бойынша **2021-2022** оқу жылы Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінде «Азамат» дебат клубы өз жұмысын жүргізді, клуб жетекшісі Байменова Гульмира. Клуб мүшелерімен бірлесе отырып бірқатар іс шаралар өткізді: Қыркүйек айында клуб мүшелеріне арналған «пікірсайыс негіздері және көшбасшы зияткерлік пікірсайыс клубы» тақырыбында презентация өткізді. Қазан айында 8-10 сынып оқушылары арасында жаңадан клуб қатарына қабылданған оқушыларға арналған «Пікірсайыстың түрлері мен жалпы түсінігі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қараша айында 9-10 сынып арасында «Пікірсайыс қағидаттары ойын платформасы» деген тақырыпта семинар тренинг өткізілді. Желтоқсан айында 8-10 сынып арасында «пікірсайыс қағидаттары АПФ саяси форматы» деген тақырыпта семинар тренинг өткізілді. ҚР Тәуелсіздігінің ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік турнир ұйымдастырылды. Турнирге 8-10 сынып оқушылары арасында 6 фракция бақ сынасты. Қаңтар айында

«Пікірсайыс қағидаттары. АПФ құндылықты философия формат» деген тақырыпта семинар тренинг өткізілді. Ақпан айында «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына» орай Абай атындағы орта мектебінде аудандық пікірсайыс турниріне қатысып, «Азамат» дебат клубы жүлделі ІІІ орынды иеленді. Сәуір айында «Күлкі күніне орай» клуб мүшелері арасында фандебат ойыны өткізілді. Ойында «Жақсылық» фракциясы үздік ойын көрсетті. Мамыр айында жылдық қорытынды жасап, үздік фракцияларды марапаттадық.

Тәрбие жұмысының 2022-2023 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы, мақсаты, міндеттері

Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың 2022 – 2023 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру – өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен ағартудың ұзақ, табанды және мақсатты процесінің нәтижесі. Мектеп осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайту сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен

еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу – «ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар

жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16-қыркүйектегі №472 Бұйрығына, 2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған.

Тәрбие жұмысы бойынша басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар

1.	Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы:
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы; (1995 жылғы 30 тамызда

	республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. Берілген өзгерістер мен және толықтырулармен)
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен)
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен)
5	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 – IV Заңы;
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы;
7	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен)
8	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9	ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
10	ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері
11	Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқаулық хат

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: Рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы тұлғаның әлеуетінің артуына жол ашу.

Мақсаты: жеке тұлғаның жан-жақты мәдениетті, адамгершілікті, салауатты, ұлттық тұрғыда қалыптасуын дамыту.

Міндеттері: - патриоттық құндылықтарға саналы оң қарым-қатынасты қалыптастыру;

- Отанға деген сүйіспеншілігі мен құрметін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу мен бағалауға деген ұмтылысты қалыптастыру;
- адамгершілікті мінез-құлыққа сай таңдау жасау қабілеттерін қалыптастыру;
- адамгершілікті мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру;
- түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орната білу тәжірибелерін қалыптастыру;
- басқа адамдардың бостандығы туралы білімдерін қалыптастыру;
- конституциялық міндеттері мен құқығы, бостандығы туралы білімдерін

- калыптастыру;
- адам өміріне қауіп пен қатар төндіретін әрекеттер жасамауға дағдыландыру;
- құқықтық тәртіп бұзушылыққа, қатыгездік, күш көрсету әрекеттеріне қарсы тұру қабілетін қалыптастыру;
- салауатты өмір жайлы білімін жүзеге асыру дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, өз денсаулығын мен өміріне талдай жасай білу, денсаулықты сақтау және қорғау жолдарын меңгеру.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

- 1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**
- 2. Рухани-адамгершілік тәрбие**
- 3. Ұлттық тәрбие**
- 4. Отбасылық тәрбие**
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**
- 7. Зияткерлік тәрбие (ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу)**
- 8. Дене тәрбиесі (салауатты өмір салтын қалыптастыру).**

Рухани жаңғыру – патриотизмге тәрбиелеудің негізі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақаласының 4 кіші бағдарламасы: «Тәрбие және білім», «Рухани қазына», «Атамекен», «Ақпарат толқыны».

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың критерийлері: бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

«Бәсекелік қабілет» бағытына енгізілген бағдарламалар: «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім».

«Бәсекелік қабілет» бағытының міндеті - компьютерлік сауаттылық, шетел тілдерін білу, мәдени ашықтық.

«Прагматизм» бағытының міндеті - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай білу.

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытының міндеті - ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз- ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі сақталуы.

«Білімнің салтанат құруы» бағытының міндеті - технологиялық революцияның беталысымен таяу онжылдықта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Сондықтан кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

«Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» бағытының міндеті - Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа-эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. «Сананың ашықтығы» бағытының міндеті - Жер шарының өзіне қатысты аумағында

және өзінің елінің айналасында не болып жатқанын түсіну; жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістерге дайын болу; өзгелердің тәжірибесін, ең озық жетістіктерін меңгеру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың 2022 – 2023 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды.

I.Қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Білім күніне орай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары, салтанатты жиын өткізілді. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=793940535079844&id=100033917141244.

Қыркүйек айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Бейсбаеваның ұйымдастыруымен «Ана тілі-ұлт байлығы» Тілдер апталығы өткізілді. Тәлімгер А.Әлікенің ұйымдастыруымен желтоқсан айында үздік оқушыларды «Жас Ұлан» ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді. Қараша айында тарих пәнінің мұғалімі Г.Молдалиеваның басшылығымен Мәншүк Маметова және Талғат Бегельдиновтың 100 жылдығына арналған «Қазақтың текті қырандары!» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп тәлімгері А.Әліке және АӘД жетекшісі Ж.Акымбековтың ұйымдастырумен ақпан айында «Ауғанның асуында от кешкендер» тақырыбында ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді. 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай сынып жетекшілердің және тәлімгер А.Әлікенің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік -мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Наурыз айында 1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ауылым-алтын бесігім» сынып сағаттары өткізілді. 1 мамыр бірлік пен ынтымақ күніне орай «Бірлігі мен ынтымағы жарасқан Қазақстан» ұлттар фестивалі мерекелік іс-шарасында «Жас Ұлан» ұйымына оқушы қабылдау рәсімі өткізілді. Мамыр айында Ұлы Жеңіс күніне орай 2-9 сынып жетекшілердің және АӘД жетекшісі Ж.Акымбековтың ұйымдастыруымен «Даңқың биік болсын, жеңімпаз!» атты апталық ұйымдастырылды. «Ұрпақ жадында жаңғырар есім!» дөңгелек үстелді мамыр айында тәлімгер А.Әлікенің ұйымдастыруымен Жас Ұландықтар арасында өткізілді. Сонымен қатар мамыр айында сынып жетекшілердің және ДТЖО А.Сайрамбаев, тәлімгер А.Әлікенің ұйымдастыруымен «Сыңғырла, соңғы қоңырау» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

II. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай мәнерлеп оқу жарысы қыркүйек айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Қазан айында музыка пәнінің ұйымдастыруымен «Ұстазыңды ұлықта!» Ұстаздар мерекесіне арналған іс- шаралар топтамасы ұйымдастырылды және «Мектеп – білім айдынындағы қарулы кеме» оқушылардың өзін – өзі басқаруы ұйымы құрылды. https://m.facebook.com/story.hp?story_fbid=61194919327890&id=100033917141244 Қазан айында Қарттар күніне орай мектеп тәлімгер А.Әліке және әлеуметтік педагог Е.Темировтың ұйымдастыруымен «Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында жиын және «Адамға қуаныш сыйла» акциясы өткізілді. https://m.facebook.com/stoy.php?story_fbid=590066575467242&id=100033917141244 Қаңтар айында 8-10 сыныптар арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары» атты әдеби кеш өткізілді. Музыка пәнінің мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен қаңтар айында «Жас Ұланның – ЖҰЛДЫЗЫ!» ән байқауы өткізіліп, әділ қазылардың шешімімен жеңімпаздар

марапатталды. Ақпан айында мектеп тәлімгер мен кітапханашының ұйымдастырумен мектеп оқушыларын жас ерекшеліктеріне қарай кітап оқуға тарту мақсатында «Үздік оқырман» байқауы өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. 1 наурыз Алғыс айту күніне орай тәлімгер А.Әліке мен жас ұландықтардың ұйымдастыруымен «Мың Алғыс» акциясы өткізілді.

III. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша қаңтар айында тәлімгер А.Әліке, кітапханашының және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Асилинаның ұйымдастыруымен Қазыбек биге 355 жылдығына орай «Бабалар сөзі-ақылдың көзі» танымдық сағаттары өткізілді. Ақпан айында «Алтын қазына» қолөнер бұйымдарынан көрмесі технология пәнінің мұғалімдері М.Бибосынов пен М.Сайрамбаеваның ұйымдастыруымен өткізілді. [facebook.com/story.php?story_fbid=ptbid0A3XiCqm\[XsGUvIE7cTotlkzeySQvhD6j9NRNptleTS5xGTT5bw7qnvKsFB2ZbxLJlgid=100012283030533=NifSz](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=ptbid0A3XiCqm[XsGUvIE7cTotlkzeySQvhD6j9NRNptleTS5xGTT5bw7qnvKsFB2ZbxLJlgid=100012283030533=NifSz)

Осы ақпан айында музыка пәні мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен «Ұлы дала қазынасы» халық әндерін орындаушылар фестивалі 5-9 сыныптар арасында өткізілді. Наурыз айында тәлімгер А.Әлкенің ұйымдастыруымен және сынып жетекшілермен бірлесе отырып «Бауырсақ-пати» мектеп оқушылары мен ұстаздар арасында бауырсақтар көрмесін ұйымдастырды және «Қош келдің, Өз Наурыз!» тақырыбында концерттік бағдарлама, кітап көрмесі/Дәстүр мен ғұрып жобасы/ұйымдастырылды. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=fbidpfbid02tDm7mVPhTGwqULYTokkYKzqur5wUevuDEj9h5sCPQyo3KsjmmAaiuTNgRbk2Gnlid=100046335890602&mibextid=Nif5oz

IV. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында 4-9 сынып жетекшілері, тәлімгер А.Әліке, музыка пәні мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен Отбасы күніне арналған «Отбасы – бақыт мекені!» мерекелік концерт (отбасы туралы бейнероликтер, қашықтықтан ән айту, мәнерлеп өлең оқу) өткізілді. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=722449185562313&id=100033917141244

Қараша айында 1-9 сыныптар арасында сынып жетекшілері, тәлімгер А.Әлкенің ұйымдастыруымен «Отбасы-мектеп» жобасы «15 мамыр -отбасы күні» мерекесіне тәрбие сағаттары өткізілді. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=812749026532328&id=100033917141244

Желтоқсан айында 7-9 сыныптар арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Отбасы-алтын діңгек» ата-анасының мамандығы туралы бейнероликтер жарысы /Ата-ана жұмысындағы 1 күн жобасы/ өткізілді. Наурыз айында тәлімгер А.Әліке және музыка пәні мұғалімі А.Жиенбаеваның ұйымдастыруымен («Ата анамен 1 күн» жобасы) «Сыйынар ем, ана деген тәңірге!». Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында биология пәнінің мұғалімі Қ.Бегелтаеваның ұйымдастыруымен «Ерте жастан экологиялық мәдеиет» жобасы» күзгі абаттандыру айлығы өткізілді. Қыркүйек айында тәлімгер А.Әліке және Жасұландықтар ұйымының ұйымдастыруымен «World Cleanup day» «Дүниежүзілік Тазалық Күні» акциясы өткізілді. Қазан айында тәлімгер А.Әліке, музыка пәнінің мұғалімі А.Жиенбаева және биология пәнінің мұғалімі Қ.Бегелтаеваның ұйымдастыруымен «Алтын күз» Күзгі еңбек көрмесі, концерттік бағдарлама өткізілді.

<https://m.facebook.com/story.php?storyfbid=pfbidOfcd4dpColzwxBE9eAgDohEfjegRZLV3TPcww17acsqpczV7C9oRAV4KMGSUBnp8kl&id=100033917141244>

Қаңтар айында тәлімгер А.Әліке және ДТЖО А.Сайрамбаев пен технология пәнінің мұғалімі М. Бибосыновтың ұйымдастыруымен «Сиқырлы қыс!» сурет байқауы

ұйымдастырылды.[facebook.com/story.php?story_bid=pfbid0Jpl7Y47liSRp9L3FaDUwr2](https://m.facebook.com/story.php?story_bid=pfbid0Jpl7Y47liSRp9L3FaDUwr2)

[HdedAE82EEw2RsrEfFNDy8WDc2RJCoWW7rKeRHSBİgid=100012283030533gmibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?storyfbid=pfbid0HdedAE82EEw2RsrEfFNDy8WDc2RJCoWW7rKeRHSBİgid=100012283030533gmibextid=Nif5oz)

Наурыз айында тәлімгер А.Әліке және сынып жетекші Қ.Бегелтаеваның ұйымдастыруымен «Өскен өңір!» көгалдандыру акциялары өткізілді. Сәуір айында 5-9 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы/«Еңбек-елдің мұраты» жобасы/Тәрбие сағаттары өткізілді. Наурыз – сәуір айларында ДТЖО А.Сайрамбаев және Тәлімгер А.Әліке мен биология пәнінің мұғалімі Қ.Бегелтаеваның ұйымдастыруымен Көктемгі көгеріштендіру, көріктендіру және санитарлық тазалық айлығы өткізілді.

ҮІ. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша Қазан айында 9 сынып оқушыларымен информатика пәнінің мұғалімі А.Қараеваның ұйымдастыруымен «Қауіпсіз интернет!» тақырыбында дәріс жүргізілді. Қараша, наурыз айларында кітапханашы 2-9 сыныптар аралығында «Буккросинг-бірге оқимыз: кітаптың айналыста жүруі» акциясы ұйымдастырылды. Қараша айында информатика пәнінің мұғалімі А.Қараеваның ұйымдастыруымен «Әлеуметтік желі дерт пе, әлде қажет пе?» тақырыбында дебат өткізілді. Желтоқсан айында Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж. Асилина және кітапханашының ұйымдастыруымен М.Әуезов шығармалары бойынша интеллектуалды жарыс өткізілді. Наурыз айында тарих пәнінің мұғалімі Г. Байменованың ұйымдастыруымен наурыз айында «Бірыңғай мектеп формасын енгізу қажет пе?» тақырыбында дебат өткізілді.

ҮІІ. Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша Ақпан айында Даярлық топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен Қазақ ертегілерінен сахналық қойылым ұйымдастырылды. Наурыз айында 1-9 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» Алғыс айту күні іс-шарасы өткізілді. Сәуір айында кітапханашы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті кейіпкерім» Үздіктер сөйлейді 7 23-сәуір Дүниежүзілік кітап күні ұйымдастырылды. Мамыр айында тәлімгер А.Әлікенің ұйымдастыруымен «Бірлігі мен ынтымағы жарасқан Қазақстан» (ұлттар фестивалі мерекелік іс-шара) «Жас Ұлан» ұйымына оқушы қабылдау іс-шаралары өткізілді.

ҮІІІ. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша Қыркүйек айында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Д. Есболовтың ұйымдастыруымен Денсаулық күніне орай денсаулық фестивалі-2022 эстафета, спорттық ойындар өткізілді. Қараша-Желтоқсан айларында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Д. Есболов, Г.Шажыралиева және 6-9 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Спорт есірткіге қарсы!» «Біздің елімізде ЖИТС-ке жол жоқ!» айлық іс –шара жүргізілді. Наурыз айында тәлімгер А.Әліке және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері М.Әлімханов, Н.Мұханбетовтың ұйымдастыруымен Аула ойындары (шекемтас, қалашық, асық ату, арқан тартыс,) жарыстары өткізілді. Сәуір айында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Денсаулық күні «Бақыт деген-денсаулық» (спорттық ойындар) тақырыбында ойындар өткізілді. Сонымен

қатар осы аталған айда 6-9 сыныптар арасында ұлттық ойын асық атудан жарыс өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. Мамыр айында дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен мектеп мейірбикесі Г.Шажыралиеваның ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік темекі шегуге қарсы күрес күніне орай» плакаттар байқауын ұйымдастырылды және 1-11 сыныптар арасында «Менің денсаулығым менің өмірім» тәрбие сағаттары /«Денсаулық жобасы»/ өткізілді.

<https://m.facebook.com/story.php?storyfbid=pfbid02A7htGE4wdy12NxMNL5uSpxLRLXQbngPSGCNNaiSx84u4KGq4vDTpWmpStGDM45l&id=100029069873928&mibextid=Nif5oz>


ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау бойынша 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыруда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін оқып-үйрену мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері насихаттау және пайдалану бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы» мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары құрылып, бекітілді.

Қазан айында білім алушыларды Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Өнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеумақсатында «Менің Рәміздерім –менің мақтанышым» тақырыбында 1-4 - сынып жетекшілері сынып сағаттарын өтті. Қазан айында сынып жетекшілердің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 8- сыныптар арасында «Мемлекеттік Рәміздердің мәні мен мазмұны» тақырыбында пікірталас өткізілді. Қараша айында 5-8 сыныптар арасында «Бұл біздің Ту! Бұл біздің Өнұран! Бұл біздің Елтаңба!» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. 5-10 сыныптармен желтоқсан айында «Мемлекеттік рәмізді біл, қастерле, құрметте!» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Қаңтар айында орыс тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігі 6 -сыныптармен «Еліміздің Рәміздері Егемендігіміздің аймағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Ақпан айында 6-9-сыныптармен «Қ.Р. рәміздерін қаншалықты білесің?» тақырыбында сауалнама алынды. Наурыз айында 10 сыныптармен «Мемлекеттік рәміздер ұлттық аймақты таңбасы» тақырыбында танымдық сағатын өтті. Мамыр айында «Қ.Р.мемлекеттік рәміздерін насихаттау» тақырыбында мерекелік кеш өткізді.

Мемлекеттік Гимн әр аптаның дүйсенбі күні орындалды, мемлекеттік мерекелерде, салтанатты жиында, т.б. іс-шараларда Мемлекеттік Ту салтанатты жиынға енгізіліп, Гимн орындалды.

**«Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ-нің
2022-2023оқу жылындағы 1-11 сыныптар арасында «Қазақстан
Республикасының рәміздерін сен қаншалықты білесің?» тақырыбында
алынған тестінің мониторингісі**



**2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің
салыстырмалы көрсеткіші**

Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында жыл бойына 1-11 сыныптар аралығында зерттеу жұмысы өткізіледі. Зерттеуде оқушының тәрбиеге қатысты рухани байлығы мен сапаларын сынып жетекшінің бағалауы арқылы әр оқушы туралы мағлұмат алуға және сыныптың тәрбиелік деңгейін анықтауға мүмкіндік туады. Сынып жетекшілер 11 критерийлер арқылы оқушыларды бағалайды. Оқуға қатынасы, еңбекке қатынасы, сыртқы бейнесі, қоғамдық жұмысқа, өнерге қатынасы, сабақ кезінде және үзіліс кезіндегі тәртібі, адалдығы, салауатты өмір салтына көзқарасы, ұқыптылығы, сабақтан кешікпей себепсіз қалмауы, әр критерий бес баллдық жүйемен бағаланды.

Осы критерийлердің орта балын есептеу барысында әр сыныптың тәрбиелік деңгейі анықталды. Сыныптың тәрбиелік көрсеткіштері сынып жетекшінің сыныппен жұмыс істей алуына тікелей байланысты. Кэмбридж бағдарламасы аясында жалпы мектептің негізі басымдықтары негізінде топтағы диалог, өзін-өзі бағалау арқылы оқушылардың өзін-өзі және басқаларды құрметтеуге үйренді. Барлық сыныптардағы сабақтарда топтық жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсы көрініс бере бастады. Оқушылар бірін-бірі сыйлап, ынтықмақтастықтары күшейді, оқушылардың тәрбиелік деңгейлері артты.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

2020-2021 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2021-2022 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2022-2023 оқу жылының тәрбие көрсеткіші
81%	82%	84%

**Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылына арналған
кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарына талдау**

2021-2022 оқу жылының I тоқсаны қыркүйек айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н., мектеп психологі Сулейманова Ж. ҚР ІМ ҚР ІМ 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1098 бұйрығына сәйкес, АПБ-мен бірлескен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын жасап, бекітті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. 1-11 сынып жетекшілеріне мектеп оқушыларына арналған «Қауіпсіз маршрут» сызбасын дайындап, бекітуді тапсырды. Маршрут сызбалары талапқа сай дайындалып, бекітілді, оқушылардың әлеуметтік төлқұжататына салынды. Әлеуметтік педагог Темиров Е. әр сынып бойынша 1-11 сынып жетекшілерінен «Әлеуметтік төлқұжат» жинақтау жұмыстарын жүргізді. Қыркүйек-қазан айларында әлеуметтік педагог Темиров Е., мектеп психологі Сулейманова Ж. мектеп қабырғасында тұрмысы қолайсыз отбасыларының, девиантты мінез-құлықты балалардың, тәртібі қиын, құқық бұзушылық жасауға бейім агрессивті мінез-құлықтағы балалардың тізімін қалыптастыру және олармен түзету-профилактикалық жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н., мектеп психологі Сулейманова Ж., әлеуметтік педагог Темиров Е. тарапынан сабақтан жалтарған, қаңғыбастыққа салынған жасөспірімдерді анықтау мақсатында көңіл көтеру орындары т.с.с. сондай-ақ, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін рейдтер жүргізілді. Қыркүйек айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналармен кездесу болды. Тоқсан сайын 8-11 сынып оқушылары арасында ақша бопсалау, күштеу әрекеттерінің алдын алу мақсатында мектеп психологі Сулейманова Ж., әлеуметтік педагог Темиров Е. жасырын сауалнамалар алып, қорытындысын шығарып отырды. Зорлық-зомбылықтың құрбандары болған (болып жатқан) жасөспірімдерді анықтау мақсатында мектеп оқушылары арасында жасырын сауалнамаларды да тоқсан сайын жүйелі жүргізіп отырды. Қыркүйек айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және мектеп психологі Сулейманова Ж. ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторымен кездесу өткізілді. Қазан айында АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді.

II тоқсандағы жұмыстарға тоқталатын болсақ, қараша айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен «Балалардың қорғалу құқықтары» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. және мектеп психологі Сулейманова Ж., АПБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. тарапынан ай сайын түнгі рейдтер ұйымдастырылды. Қараша айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары»

тақырыпта ата-аналармен әңгіме өткізілді. Желтоқсан айында АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді.

ІІІ тоқсан бойынша қаңтар айында «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастырылды. Ақпан айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен ата-аналармен кездесу өтті. Наурыз айында Қамқоршылық кеңес алдында мектеп инспекторы есеп берді.

ІV тоқсанда сәуір айында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А., АІБ-нің ЮПТ-ның инспекторы Ахметов Н. ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің әкімшілік құқықбұзушылығы» 5-8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мамыр айында «Балалардың алкогольді өнімдер мен темекі өнімдерін, есірткі немесе улы заттарды пайдалануы» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен сұхбат жүргізілді. Сонымен қатар, мектеп инспекторы Қамқоршылық кеңес алдында есеп берді. Мамыр-тамыз айлары аралығында оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуына бағытталған жұмыстар жүргізілді.

**Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар кәмелетке
толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу,
жасөспірімдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын
алу бойынша**

2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары мектепегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізіліп отырады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайрамбаев, мектеп психологтары Ж. Сулейменова, Ш. Юнисова және әлеуметтік педагог Е.Темировтың қатысуымен ай сайын мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысқа қарсы күрес мәселелері, профилактикалық есептерде тұрған кәмелетке толмағандар бойынша өзара ақпарат, мәлімет жинақтады. Оқушылардың жалпыға міндетті орта біліммен толық қамтылуын, оқушылардың сабаққа түгел қатысуын қадағалап отырды; түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін оперативтік алдын алу бойынша ай сайын рейдтер жүргізілді; Тоқсан сайын қараусыз қалған кәмелетке толмағандарды қадағалау, ата-аналарына немесе оны ауыстыратын заңды тұлғаларға құқықтық көмек көрсету және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шаралар сынып жетекшілердің және ата-аналардың қатысуымен жүргізіліп отырды; Сынып жетекшілер әр сынып бойынша «Әлеуметтік төлқұжат» жинақтады.

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайрамбаев, мектеп психологтары Ж. Сулейменова, Ш. Юнисованың қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» атты әңгіме жүргізілді. Кездесу барысында қарастырылған сұрақтар: кәмелетке толмағандар арасындағы көп кездесетін қылмыстар, қылмыс бойынша

жауаптылық басталу жасы, жасөспірімдердің зиянды әдеттерге әуес болуы. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді; «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналармен тренингтер, түсіндірме жұмыстар ашық айтылып, сұрақ-жауаптар болды, ата-аналар сұрақтарына нақты жауаптар алды. Қазан айында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді, сабақтарға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. қатысты; Қараша айында «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыбында ата-аналармен әңгіме жүргізілді. Іс шара барысында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді; Желтоқсан айында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» атты ата-аналар жиналысы өтті. Қаңтар айында «Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» тақырыбында 6 және 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Ақпан айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында жиналыс өтті. Сәуір айында 5 пен 8 сынып оқушыларынан «Жасөспірімдердің әкімшілік құқық бұзушылығы» тақырыбында сұхбат алынды. Мамыр айында 8-11 сынып оқушыларымен «Балалардың арасында алкагольді өнімдер мен темекі бұйымдары, есірткі немесе улы заттарды пайдалану» атты әңгіме жүргізілді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың, сондай-ақ, зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу жұмыстары кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу, олардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында жыл бойы жұмыстар атқарылып отырды.

Жыл бойы мектепте мектеп психологтары: Ж. Сулейменова, Ш. Юнисова балаларға психологиялық көмек көрсету, зорлық-зомбылық немесе қатыгез қараудың фактілерінің алдын алу мақсатында «Сенім жәшігі» және «Сенім телефондарын» орналастырды. Оқушыларға анонимді түрде зорлық-зомбылық немесе қатыгез қараудың фактілері орын алып жатқан жағдайда жәшікке немесе сенім телефонына хабарласуға болатындығы түсіндірілді. Тоқсан сайын психологтар мен әлеуметтік педагогтер зорлықтың құрбандары болған жасөспірімдерді анықтау мақсатында мектеп оқушылары арасында анонимді жасырын сауалнамалар алынып отырды. Қыркүйек айында психолог Ш.Юнисова өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында 5-7 сынып оқушыларымен «Менің өмірім» атты тренинг жүргізді; Қазан айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Сайрамбаев, мектеп психологтары Ж. Сулейменова, Ш. Юнисова, және мектеп медбикесі «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 сынып қыздарынан сұхбат алынды, сондай-ақ, қыздармен сұрақ-жауап және түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында «Жас қыздың басты жауы-сауатсыздық» тақырыбында ауыл дәрігерімен кездесу ұйымдастырды, кездесуге ауыл дәрігерінің қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді; Желтоқсан айында «Қыз тәрбиесі күрделі мәселе» атты 8-11 сынып қыздар арасында әңгіме жүргізілді. Іс-шараға мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, медбике қатысты; Ақпан айында «Бала – ата-ананың, мектеп тәрбиесінің, қоғамның айнасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті, жиналысқа ата-аналар белсене қатысты, сұрақ-жауаптарға қатысып, өз ойларын ашық айтты, жағдаятқа байланысты бейнебаяндар көрсетіліп, ойындар

жүргізілді. Мамыр айында қамқорлыққа алынған балалардың жанашыры болып, қамқорлық көрсету мақсатында «Жүректен-жүрекке» акциясы өтті. Балаларға жас ерекшеліктеріне қарай сыйлықтар беріліп, қамқорлық көрсетілді;

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін, «Мектептен- үйге» немесе «Үйден -мектепке» дейінгі қауіпсіз маршрутын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілді.

Тоқсан сайын мектеп медбикесі Шажыралева Г. мектепте оқушылардың денсаулық жағдайын үнемі бақылап, қадағалап мәлімет беріп отырды; Жоспарға сәйкес мектеп психологтары Сулейменова Ж., Юнисова Ш. психологиялық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, жеке тұлға аралық байланыстарды анықтау бойынша социометриялық зерттеу, агрессия, психикалық бұзылушылық, қылмысқа және аутодеструктивті мінез-құлық бейімділігінің «Тәуекел тобын» анықтады; Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Ата-аналар сіздер үшін...» тақырыбында ақпараттық стенд ілінді; Маусым айында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты тақырыпта акция өткізілді;

Мектепте «Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты акция өткізілді. Акция қоғамның, балалардың және олардың ата-аналарының назарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын-алу мақсатында өтті. Учаскелік инспектормен кездесу ұйымдастырылды.

Ата-аналармен бірлескен жұмыс

2022-2023 оқу жылында мектепте тәрбие мен мәдениетті ұштастыра отырып, үштік одақ: мектеп - ата-ана – оқушы бірлесіп көптеген жұмыстар жүргізді. Ой санасы дамыған, адамгершілігі зор, еңбекқор, сауатты, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жолындағы ата - ана, ұстаз, оқушы қарым – қатынасы ынтымақта болу жолында жұмыстар өз деңгейінде жүріп отырды.

2022-2023 оқу жылында ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектепшілік ата-аналармен жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
2.	Ата-аналарды мектептің тәрбие жұмыстарына қатыстыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
3.	Сыныптардағы ата – аналар жиналысы	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер
I. Жалпы мектепшілік жиналыстар			
	№ 1 жиналыс	Қыркүйек	
1.	2021-2022 оқу жылындағы оқу – тәрбие үрдісінің қортындысы.		Мектеп директоры Стыбаева А.
2.	2022-2023 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамту		Кітапханашы
3.	Оқушылар арасында құқық бұзушылықты алдын - алу		ДТЖО Сайрамбаев А.
4.	Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы		ДТЖО Сайрамбаев А.

5.	«Мектепке барар жол» акциясының қорытындысы		Әлеуметтік педагог Темиров Е.
	№ 2 жиналыс	Қаңтар	
1.	I жарты жылдық қортындысы		Мектеп директоры Стыбаева А.
2.	Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын - алу		ДТІЖО Сайрамбаев А.
	№ 3 жиналыс	Наурыз	
1.	Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын – алу және интернет желісіндегі кейбір сайттардың баланың психикалық денсаулығына теріс әсері		Психолог Сулейменова Ж.
2.	2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларының оқу – тәрбие үрдісіндегі жетістіктері		ДФӘІЖО Мырзалиева Б.
3.	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік шаралары, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын - алу		ДТІЖО Сайрамбаев А.
	№ 4 жиналыс	Мамыр	
1.	Мектеп бітіруші сыныптардың қорытынды аттестаттаудан өту ерекшелігі		ДОІЖО Түменбаева А.
2.	Оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысы		ДТІЖО Сайрамбаев А.
	II. Сынып жетекшілердің ата - аналармен бірлескен жиналыстары, отырыстар		
I тоқсан	I. Білімдегі олқылықтарды жою бағытында жүргізілетін жұмыстар. II. 2022-2023 оқу жылында оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру. III. Оқушыларды оқулықпен қамту. Тегін ыстық тамақпен қамту мәселелері, мектеп формасы туралы.	Қыркүйек	Сайрамбаев А. Темиров Е. Мектеп психологтары Сынып жетекшілер

	VI. Ата-аналар комитетін сайлау V. Әртүрлі мәселелер («Жолда жүру ережелері» көшеде жүру ережесі бойынша ата-аналарға жаднама.	Қазан - қараша	ДТІЖО Сайрамбаев А. Сынып жетекшілер
	I. «Әке шаңырағы – теңдесі жоқ өмір мектебі» бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі туралы II. 1 тоқсан қортындысы III. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі IV. Әртүрлі мәселелер	Желтоқсан - ақпан	Сынып жетекшілер Мектеп психологтары
II тоқсан	I. «Сіз қандай ата- анасыз?» психологиялық тренинг II. 2 тоқсан қорытындысы III. Қысқы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі жөнінде ата – аналарға түсіндіру жұмыстары IV. Әртүрлі мәселелер	Наурыз	Сынып жетекшілер Мектеп психологтары
III тоқсан	I. «Төтенше жағдай кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында баяндама II. 3 тоқсан қорытындысы III. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі. IV. Әртүрлі мәселелер	Наурыз - сәуір	Сынып жетекшілер
VI тоқсан	I. «Жазғы демалысты қызықты өткізу» баланың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі. II. «Мен және менің мамандығым» 11 сынып оқушыларының мамандық таңдауы III. 4 тоқсан және 2022-2023 оқу жылының қорытындысы IV. Әртүрлі мәселелер	Мамыр	Мектеп психологы Сынып жетекшілер 9-11-сынып жетекшілері
III. Ата-аналарды мектептің тәрбие жұмыстарына қатыстыру			
1.	«Әкем, анам және мен» 4-сыныптар арасында отбасылық спорттық жарыс	Қыркүйек	ДТІЖО Сайрамбаев А.. сынып жетекшілер
2.	1 – қазан «Қарттар күніне» орай «Қарттарым аман болсын» іс-шара өткізу	Қазан	«Жас ұлан» ұйымы Тәлімгер Әліке А.

3.	«Ұрпақ тазалығы – ұлт тазалығы» әкелердің қатысуымен 5-сыныптар арасында дөңгелек үстел	Қараша	5–сынып жетекшілері Юнисова Ш. Қайырбек А. Сұлтанбекова А.
4.	«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» аналардың қатусымен 8- сынып қыздармен дөңгелек үстел	Желтоқсан	8- сынып жетекшілері Асилина Ж. Дегембаева Ә.
5.	«Әке шаңырағы – теңдесі жоқ өмір мектебі» 6- сыныптар арасында әкелердің қатысумен танымдық сағат	Қаңтар	6-сынып жетекшілері, Малдыбекова Н. Болатқанова С.
6.	«Мен анаммен кітап оқимын», бейнероликтер байқауы	Ақпан	1-4- сынып жетекшілері
7.	«Ата – ана жұмысындағы 1 күн» тақырыбында 5- сыныптар арасында әлеуметтік тәжірибе	Ақпан	6-7- сынып жетекшілері Тәлімгер Әліке А.
8.	«Үздік оқырман отбасы» байқау	Қаңтар	5-8 сынып жетекшілері
9.	«Әжем – асыл қазыным» 3- сыныптар арасында әжелер сайысы	Наурыз	3- сынып жетекшілер Пед.ұйымдастырушы Қаңтарбаева А.
10.	7 сәуір – «Халықаралық денсаулық күніне» орай «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында 7-сыныптар арасында спорттық жарыс	Сәуір	7- сынып жетекшілері Дене шынықтыру бірлестігі Тәлімгер
11.	«ҰБТ-ға дайындық кезіндегі балаға көмек» коучинг	Мамыр	11- сынып жетекшілері ДОДЖО Түменбаева Р.
12.	«Мейірім» қамқоршылық акциясы	Мамыр	9- сынып жетекшілері Әлеуметтік педагог: Темиров Е. Тәлімгер Әліке А.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

2022-2023 оқу жылына сынып жетекшілерін тағайындау мақсатында №19 28.08.2022ж. күнімен бұйрық шығарылды. Сыныптағы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын қадағалау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-аналармен байланысып, олардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, сыныптағы өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру және тәрбие іс-шараларын өткізу үшін 1-11 сынып оқушыларына 21 сынып жетекші тағайындалды. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспары бекітілді.

Сынып жетекшілердің әдістемелік кеңес отырысы

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс шаралар	Жауаптылары	Орындау мерзімі
<i>№1 отырыс</i>	2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарымен таныстыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жетекшілері	Тамыз
	Сынып жетекшілердің тәрбие жоспары бойынша пікірлесу, жоспарды құру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р., Сынып жетекшілер	Қыркүйек
	Ата аналар жиналысына дайындалу және өткізу	Бірлестік жетекшілері	Қазан
	«Үздік сынып жетекшісі-2022»	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р., бірлестік жетекшілері	Қазан
<i>№2 отырыс</i>	Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы (баяндама)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Қайырбек А.	Қараша
	Сынып сағаттарын өткізуде жаңа технологияларды қолдану (пікірлесу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Қараева А.	
<i>№3 отырыс</i>	Отбасының берекесі имандылықтан басталады (баяндама)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Оңланбай М.	Қаңтар

	Өз бойыңда жоғары адамгершілік қасиеттерді жетілдіре түсу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. Психолог: Юнисова Ш.	
	Сыныптан тыс жұмыс жасау іс-тәжірибемен бөлісу (дөңгелек үстел)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Дегембаева Ә.	
№4 отырыс			
	Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік (баяндама)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Киркимова А.	Наурыз
	Қиын балалармен жұмыс істеу және оларды қайта тәрбиелеу жолдары (баяндама)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. психолог: Әлімкешова С.	Мамыр
	Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы (баяндама)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А.Р. сынып жетекші: Малдыбекова Н.	
	Оқушылардық жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. Р. Психолог: Сулейменова Ж.	
	Оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды талдауы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайрамбаев А. Р.	

Сынып жетекшілері туралы мәлімет

Оқу жылы	Барлық сынып жетекшісінің	Санаты

	саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2022-2023	21	1	5	3	5	7

«Жас Ұлан Жас Қыран» ББЖҰ жұмысы
2022-2023 оқу жылында «Жас Ұлан» ББЖҰ мүшелері :

№	Аты -жөні	Сыныбы	Атқаратын қызметі
1.	Үсен Кәусар	11 «А»	Ұланбасы
2.	Нұрғали Зейнеп	11 «А»	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» тобының топбасшысы:
3.	Мұрат Дана	11 «А»	Зерде бағытының жетекшісі
4.	Жолдас Құралай	11 «А»	Атамекен бағытының жетекшісі
5.	Маханбет Назерке	11 «Б»	Руханият бағытының жетекшісі
6.	Асылханқызы Амина	11 «Б»	Салауат бағытының жетекшісі
7.	Қуанышұлы Дихан	11 «А»	Еңбек бағытының жетекшісі
8.	Қылышбек Өрнекбай	11 «А»	Жеті жарғы бағытының жетекшісі
9.	Амантаева Гауһар	11 «А»	Экоәлем бағытының жетекшісі

«Жас Ұлан Жас Қыран» ББЖҰ қатарындағы балалар саны

Оқу жылы	«Жас Ұлан»	«Жас Қыран»	Жалпы саны
2021-2022	160	172	332
2022-2023	248	46	394
Барлығы:	408	632	726

№	Аталған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылған оқушы саны	Сілтемесі
1.	«Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры»	Челлендж	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Pb76ZgX12hHsGK3fy4MnsAMGz2jQ8CgsemxA8SnfwdtmjLTxCsSMD9F1p7E8YPcSl&id=100032539576096&sfnsn=wa
2.	«Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік»	Танымдық сабақ	30	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02H3GjhaegjFbbfQe5B1cuEnr74hyuvYBEcPaRcNGA1vS82LaC4sSrTSyzfm8id4hAl&id=100032539576096&sfnsn=mo

3.	«Менің тату отбасым»	Фото галерея	40	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02VHnyfNbWYP1SQSchShnos8DQmu4rsKtmYgFtyoRs7z44zDnXJF7RhEeyuYMzbJyzl&id=100032539576096&sfnsn=mo
4.	«Birge – taza Qazaqstan»	Акция	20	https://www.instagram.com/tv/Ciu3w_WASrJ/?igshid=MDJmNzVkMjY=
5.	«Қарттары бар үйдің қазынасы бар»	Мерекелік құттықтау концерті	20	https://www.instagram.com/tv/Ci2JzOHI9c8/?igshid=MDJmNzVkMjY=
6.	«Таза Like»	Акция	50	https://www.instagram.com/tv/CjnFUgiIxIP/?igshid=MDJmNzVkMjY=
7.	«Алтын күз»	гербарий және экибана жасау байқау	30	https://www.instagram.com/tv/CkaMFFPDDtx/?igshid=MDJmNzVkMjY=
8.	«Әкем, анам және мен»	Эстафеталық жарыс	45	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid032KH3iirtNnZob5dA5uPdfpqVspK8ETJtwug8hvxP27EG7hxxZA1LjMWuudzLN3bPl&id=100032539576096&sfnsn=mo&mibextid=RUBZ1f
9.	«Мен өз елімнің патриотымын»	Дөнгелек үстел	15	https://www.instagram.com/p/Cl3DJT4sYij/?igshid=OTRmMjhlYjM=
10.	«Сиқырлы қыс»	Көркем сурет байқауы	40	https://www.instagram.com/tv/CmvTy4CoDkD/?igshid=OTRmMjhlYjM=
11.	«Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ!»	«Жас Ұлан, Жас Қыран» ББЖҰ қатарына оқушы қабылдау	30	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid023MbPFz4zZ8FhwstoxLdauVf8Wc971tnuZgGcuKqtL5yqVzwbCc2n7PL499Ss2Qvcl&id=100032539576096&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V
12.	«Туған елге мың алғыс!», «Алғысым шексіз»	Челлендж	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0WQRdzpKDbAvixip4TaKYVYN7pzmaugyGcrhGpnsFtqbq3jy7PWujaKPEJnkXY24l&id=100032539576096&sfnsn=mo&mibextid=RUBZ1f

**«Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі» КММ – нің
2022 – 2023 оқу жылында «Қыз Жібек» қыздар клубының өткізілген іс –
шаралар туралы талдау**

2022-2023 оқу жылының басында қыз балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Мақсаты: қазіргі қоғамдық ортада азаматтық

ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы Қыз Жібек бейнесін қалыптастыру және мектеп білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.

Мектеп директорының 03.09.2023 жылғы №283 бұйрығына сәйкес «Қыз Жібек» қыздар клубының жетекшісі болып Ж.Асилина тағайындалып, әр сыныптан клуб құрамы жаңа мүшелерімен толықты

19.09.2022 күні қыз балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасы мен мектеп арасындағы өзара іс-қимылды нығайту мақсатында 5-11 сынып қыз балаларымен мектеп директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер, қыздар клубының жетекшісі, дәрігер, КТІЖО, Аналар кеңесі өкілі, психологиялық орталық маманы, ұланбасының қатысуымен кеңес сағаты өткізілді.

Жиналыс барысында «Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді» тақырыбында педагог-психолог Ж.Сулейманова жағдаяттар бойынша жұмыс жүргізді

17.10.2022 күні «Шешеге қарап қыз өсер» тақырыбында әрбір сыныптарда тәрбие сағаты ретінде болып өтті. Мақсаты: бүгінгі аруларымыздың ертеңгі адал жар, аяулы ана, ардақты әже атануына үлес қосу, оларға тәлім-тәрбие беріп, білім ордасында тұлға болып қалыптасуына көмектесу; «қыз» деген атқа лайық болып, қашанда тәлімді, тәрбиелі, ибалы да инабатты болып жүруіне көмектесу, олардың тәрбиесіне көңіл бөлу. Сыныптағы қыздардың бір бірімен сыйластығы арта түссін деген ниетпен сауалнамалар алынды.

16.11.2022 жылы 9-10 сынып қыз балаларына «Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі» рухани-мәдени кездесу өткізілді. Шара барысында оқушылар педагог-психологтар Ш.Юнисова жетекшілігімен тренингке қатысып, акушер гинеколог А.Сулейменова «Қыз ертеңгі ана» тақырыбында жеке бас тазалығы туралы айтып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

15.12.2022 күні 5-11 сыныптардың қыз балаларын аналарына жиналыс жүргізілді. Күн тәртібінде қыз балалардың жеке бас гигиенасы; жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу, зиянды заттардың қыз бала өміріне қауіптілігі, Акушер гинеколог А.Сулейменова қыз баланың жыныстық жетілуі туралы айтты. Тәрбие ісінің орынбасары қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзекті мәселелерді сөз қылды.

18.01.2023 күні жоспарға сәйкес «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында пікірталас өткізіліп, сауалнамалар алынды. 9-11 сынып қыздарымен өткізілген кешінде мектеп психологы Ш.Юнисова тарапынан сауалнамалар алынып, 11 сынып қыздары Асылханқызы А мен Бейбітова А өз алғыстарын мектепке айтты.

15.02.2023 күні жоғарғы сынып оқушыларымен «Иманды қыз, аяулы ана» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Ж.Утелбаева өз баяндамасында өнегелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы екендігі түсіндірілсе, жиналысқа қатысқан акушер гинеколог А.Сулейменова ерте жүктіліктің зардаптары туралы айтты.

06.03.2023 күні 8-11 қыз балалары аналарына арналған «Аяулы аналарға құрмет! Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» аналармен кездесу болып өтті. Мақсаты аналарымызға деген құрметті арттыру, қыз балалардың да ертеңгі күні ана болатынын, әр қыз баланы парасатты жан жақты білімді болуға атсалысу.

Кездесуде қыздар өнерлерін көрсетіп, аналардан сұрақ жауап алынып, кеңестер айтылды.

17.04.2023 күні «Қыздарға не жарасымды?» тақырыбында психолог Ж.Сулейманова бастамасымен, көркем еңбек пәні мұғалімі М.Сайрамбаеваның қолдауымен 5-11 сынып қыз балаларымен сынып сағаттары өткізілді. Әрбір сынып жетекшінің ұйымдастыруымен өткізілген шарада қыздардың сырт келбеті, жарасымды киіну, қыздардың жеке бас гигиенасын сақтауы туралы айтылды.

Жыл бойына үздіксіз жоспардан тыс кездесулер, қыздар жиналысы өткізіліп тұрады. 2022-2023 оқу жылында қыздар арасында құқықбұзушылық пен тәртіпсіздік тіркелген емес.

«Азамат» дебат клубы

Дебат клубы бойынша 2022-2023 оқу жылы Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінде «Азамат» дебат клубы өз жұмысын жүргізді, клуб жетекшісі Байменова Гульмира. Клуб мүшелерімен бірлесе отырып бірқатар іс шаралар өткізді: Қыркүйек айында «Азамат» дебат клуб мүшелерімен «Пікірсайыс негіздері және қағидаттары» тақырыбында клуб жиналысы өткізілді. Қараша айында «Менің Отаным Қазақстан» ҚР 30 жылда жеткен жетістіктері тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Дебатта «Алаш» фракциясы үздік ойын көрсетті. Желтоқсан айында «Пікірсайыс қағидаттары АПФ саяси формат» деген тақырыпта семинар тренинг өткізілді. Ақпан айында «Пікірсайыс қағидаттары тақырып және дефиниция» деген тақырыпта семинар тренинг ойыны өткізілді. Клуб мүшелері өзекті тақырыпты таңдауда өз ойларын ортаға салды. Наурыз айында «Қазақ әйелі кеше, бүгін, ертең» тақырыбында мектепшілік дебат ойыны өткізілді. «Скай» фракциясы үздік ойын көрсетті. Мамыр айында клубтың қорытынды жиналысы өтті, үздік ойыншыларды марапаттадық.

Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырудың 2023 – 2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6-10 жастағы бала тәрбиесі Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану; ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас) Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту; ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда: Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылықкеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңдыөкілдерге) арналған консультациялар); білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

Аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

1.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен)
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен)
4	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен)
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 303 бұйрығының 2-қосымша 5-тарау 48-49-тармақшаларына, мектептің 2022 жылғы 31 тамыздағы №160-Ө бұйрығына сәйкес оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 25 күнді құрайды. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Аталған МЖМБС-ның 3-қосымша 5-тарау 64-тармақшаларына сәйкес күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 115 күнді, оның ішінде оқу жылында кемінде 25 күнді құрайды.

Осы стандарттың 4-қосымша 5-тарау 58-тармақшаларына сәйкес күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 115 күнді, оның ішінде оқу жылында кемінде 25 күнді құрайды.

2023-2024 оқу жылы барысында каникул күндері төмендегідей белгіленді:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына», «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығының негізінде.

Мектеп 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері белгіленді:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11-сыныптарда -34 оқу аптасы;

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Оқу жылы ішінде үш рет каникул беріледі: күзде, қыста және көктемде..
Қойылған талаптарда ауытқушылықтар болған жоқ.

5. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР:

1) *Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):*

Ғимарат-типтік, 1980 жылы салынып, 1980 жылы пайдалануға берілген, жобалық қуаты 620 оқушыға арналған. Күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді және ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспар бойынша жыл сайын жүргізіледі. (Өктеу, сырлау т.б.)

2) *Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):*

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: **жоқ**

№	Кабинет атауы	Кабинет ауданы
1.	Бастауыш	50,06 м ²
2.	Бастауыш	50,04 м ²
3.	Бастауыш	49,07 м ²
4.	Бастауыш	50,06 м ²

5.	Бастауыш	43,08 м²
6.	Бастауыш	36,06 м²
7.	Бастауыш	33,06 м²
8.	Қазақтілі	50,07 м²
9.	Қазақтілі	68,04 м²
10.	Орыс тілі	34,08 м²
11.	Орыс тілі	51,00 м²
12.	Математика	56,09 м²
13.	Математика	50,07 м²
14.	Тарих	32,04 м²
15.	Тарих	32,25 м²
16.	География	68,04 м²
17.	АӘД	33,06 м²
18.	Физика	69,02 м²
19.	Химия	52,06 м²
20.	Биология	52,05 м²
21.	Информатика	67,03 м²
22.	Информатика	55,02 м²
23.	Шет тілі	19,08 м²
24.	Шет тілі	32,04 м²
25.	Ұлдар шеберханасы (Ағаш өндеу)	70,08 м²
26.	Қыздар шеберханасы (Тігін)	22,03 м²
27.	Музыка кабинеті	18,08 м²
	Спорт залы	178,08 м²
	Психологиялық әлеуметтік	16,00 м²
Барлық оқу кабинеттер саны-26 және 1 спортзалы бар		

Мәжіліс залы - 1 (100 орындық) (236,5 м²)

Әжетхана саны-14, жұмыс істейді.

Оның: ерлерге арналғаны-7, әйелдерге арналған-5, мүгедектерге арналғаны -2

Қол жуатын раковина саны - 4 дана, толық жұмыс істейді

Бейнебақылау саны-6 дана (3 дана -ғимарат сыртында, 3 дана – ғимарат ішінде), 6 дана бейнебақылау камерасы ІІБ бақылау орталығына қосылған. Толық жұмыс істейді.

3) Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

Мектепте қызметкерлер мен оқушыларға арналған 1 медициналық пунктпен қамтамасыз етілген. Жалпы ауданы 16,66 м² аумақты алып жатыр. Медициналық пункт мынадай материалдық жабдықтармен қамтамасыз етілген: (компьютер 1дана, принтер 1 дана, медбике столы 2 дана, компьютер столы 1 дана, медбике орындығы 1 дана, алғашқы көмек жинағы 1 дана, шкаф 2 дана, салмақ өлшегіш 1 дана, бой өлшегіш 1 дана, кварц шамы 3 дана, медициналық клемше 1 дана, зембіл

1 дана, көзге арналған құрылғы 1 дана, медициналық темір шкаф 1 дана, кушетка 1 дана, тоңазытқыш 1 дана).

4) *edu.kz* аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер:

Мектеп сайты домен атауы:

015mектеп.edu.kz

5) *Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:*

Бастауыш сынып оқушыларына жеке пайдалануға арналған шкафтар саны – 10 дана.

6) *Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:*

1. Зағиптарға арналған көру мүмкіндігі нашар адамдар есікті дәл табуға бағдар беретін, сезілетін символдар орнатылған.

2. Мектеп ауласында сары жолақ жүргізілген

3. Арбадағы мүгедек адамдар үшін арнайы дәретхана бар

4. Қызмет көрсететін орындардың биіктігі мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдай жасалған.

5. Мүгедек адамдар үшін қоңырау орнатылған.

6. Пандус бар

7. Баспалдақтардың бірінші, соңғы қатары сары түсті жолаққа боялған

7) *Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер:*

Бастауышта 7 сынып кабинеті бар. Бастауыш кабинеттерінде 7 тақта, 2 проектор экранымен, 83 парта, 160 орындық, 16 шкаф, бастауыш оқушыларына жеке пайдалануға арналған 10 дана шкафтар, 7 дана мұғалім столы, 7 дана мұғалім орындығы, сызба құралдары 5, демонстрациялық есепшот 3, көлемді геометриялық пішіндер 8, жазықтық геометриялық пішіндер 8, демонстрациялық сағат моделі 10, демонстрациялық жиынтық 9, кальлятор 8, магнитті бекіткіштері бар сандар 15, геометриялық денелер мен сыйымдылықтар 9, сандар жиынтығы 20, геометриялық фигуралар 55, 100 дейінгі санау тізбегі 12, көбейту кестесі (плакаттар) 5, глобус 3, компас 10, физикалық картасы 3, саяси әлемнің картасы 2, ежелгі әлем картасы 2, суретшілердің иллюстрациялары 5, "Қазақтың ұлттық ою-өрнегі" (плакаттар) 5, саз балшық, ермексаз 15, қуыршақтар және қуыршақ театрына арналған жабдықтар 5, мольберт 10, ұлттық ойыншықтар 10, қазақ халық шығармашылығының бұйымдар жиынтығы 10, қағаз бен картонды өңдеуге арналған құралдар 15, матаны өңдеуге арналған құралдар 15, түрлі материалдарды техникалық модельдеу мен өңдеуге арналған құралдар 15, түрлі материалдармен жұмыс істеуге арналған жинақ 55, "Қазақтың ұлттық ою-өрнегі" (плакаттар) 15, әліппе – плакат 15, әліппе – суретті әріптер жинағы 25, кеспелі әліппе 25, тіл дамытуға арналған сюжетті суреттер 15, әліппе – плакат 15, әріптер мен буын кассасы 30, дауыссыз әріп кассасы 30, дауысты әріп кассасы 25, тіл дамытуға арналған суреттер 15, суреттік жоспар

жасау үшін иллюстрациялық жиынтық 5, тіл дамытуға арналған суреттер 10, Мәтіндерге арналған суреттер 12, Сурет көшірмелерінің жинағы 15, "Шығармалар жанрлары", "Халық ауыз шығармашылығы" 5 дана плакаттармен қамтамасыз етілген.

Математика кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 1 интерактивті тақта және 1 проектор, 1 ноутбук, 27 парта, 43 орындық, 5 шкаф, 2 дана мұғалім столы, 2 дана мұғалім орындығы, желілік фильтр – 1, проекторға арналған төбелік бекіткіш, дидактикалық материал - 2 жиын, анықтамалық-әдістемелік және ғылыми көпшілік әдебиеттер - 1 жиын, үлестірме материал-1 жиын, үлестірімелі геометриялық фигуралар - 3 жиын, көлемді геометриялық фигуралар-2, шаршы мен шеңбердің бөлшекті бөліктері жиынтық - 8 дана трибунамен қамтамасыз етілген.

Қазақ тілі кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 2 проектор экранымен, 2 компьютер, желілік фильтр - 1, 26 парта, 51 орындық, 4 шкаф, 3 дана мұғалім столы, 2 дана мұғалім орындығы, электронды оқу басылымдары - 1, дидактикалық плакаттар - 1, үлестірімелі плакаттар - 6, картиналар көшірмелерінің жинағы - 1, ұлы адамдар, ақын жазушылар портреттері - 2, лексика, морфология, синтаксис, фонетика бойынша плакаттар - 1, сөздік - 3, жыр жинақтарының жиынтығы - 8, көркем әдебиеттер жиынтығы - 95, анықтамалық және әдістемелік әдебиеттер жиынтығы - 1, пластиктен жасалған қабырға көрнекіліктер 5 дана жиынтығымен қамтамасыз етілген.

Орыс тілі кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 22 парта, 40 орындық, 3 шкаф, 2 дана мұғалім столы, 2 дана орындығы, дидактикалық материалдар жиынтық – 1, үлестірме материалдар жиынтық – 1, картиналардың көшірме жиынтық – 1, ақындар мен жазушылардың портреттер жиынтық – 1, синтаксис, фонетика, орфоэпия, грамматика, сөзжасам, сауатты жазу плакаттар жиынтық – 1, орфографиялық сөздік – 1, антонимдер және синонимдер сөздігі – 1, көркем әдебиеттер жиынтығы - 1, анықтамалық және әдістемелік әдебиет жиынтығы - 1, қабырғаға ілінетін плакаттар 1 дана жиынтығымен қамтамасыз етілген.

Шет тілі кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 1 проектор экранымен, 1 компьютер, 16 парта, 22 орындық, 3 шкаф, 2 дана мұғалім столы, 2 дана мұғалім орындығы, дидактикалық материалдар – 2, үлестірме материалдар – 1, меңгерілетін тіл бойынша мемлекеттік ұлы адамдардың портреттері – 3, оқытылатын шет тілінің грамматикасы бойынша жиынтық – 1, 2000 сөзге арналған екі тілді сөздік – 1, әдебиеттік оқуға арналған жиынтық – 3, анықтамалық әдістемелік әдебиеттер – 3, қабырғаға арналған плакаттар жиынтығы – 1.

Тарих кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 1 проектор экранымен, 1 компьютер, 19 парта, 34 орындық, 2 шкаф, 2 дана мұғалім столы, 2 дана мұғалім орындығы, Қазақстан тарихы бойынша карталар жиынтығы – 1, дүние жүзі тарихы бойынша карталар жиынтығы – 2, үлестірімелі материалдар жинағы – 2, көрнекі материалдар – 2, 2 дана анықтамалық және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

Информатика кабинеті саны – 2. Кабинеттерде 2 тақта, 2 интерактивті тақта, 28 компьютер, 44 ноутбук және 22 компьютер столы, 2 проектор, желілік фильтр – 20, 23 парта, 44 орындық, 4 шкаф, 2 дана мұғалім столы, өртсөндіргіштер-2 дана, дәрі-дәрмек қобдишасы - 2 дана, лицензиялы бағдарламалық жасақтамалар-10 дана, әдістемелік құралдар-4, электронды оқулықтар -6 дана, маркерлік тақта -1

дана, информатика кабинетіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының кестесі -2 дана.

География кабинеті саны – 1. Кабинетте 1 тақта, 1 проектор экранымен, 1 компьютер және компьютер столы, 15 парта, 30 орындық, 2 шкаф, 1 дана мұғалім столы, 1 дана мұғалім орындығы, карталар жиынтығы 1 , ғалымдардың портреттері 8 дана , пәнге байланысты қосымша әдебиеттер дана 26, электрондық оқулықтар 2 данамен қамтамасыз етілген.

Физика кабинеті саны – 1. Кабинет 1 тақта, 1 интерактивті тақта және 1 проектор, 2 компьютер, 1 компьютер столы, желілік фильтр - 1, 1 принтер, 1 демонстрационный стол, 15 парта, 30 орындық, 3 шкаф, 1 дана мұғалім столы, 1 дана креслосы, Физика зертханасы талапқа сай барлық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Олар: интерактивті жүйе-1, мультимедиа-проектор (интерактивті тақтамен біріктірілген) -1, аудио-жүйе (интерактивті тақтамен біріктірілген) -1, Сенсорлық интерактивті тақтаның бағдарламалық жасақтамасы- 1, Құжат-камера, Дербес компьютердің жүйелік блогы-1, Дербес компьютердің монитормы-1, Үздіксіз қуат беру құрылғысы-1, Жерге қосу тізбегі бар желілік сүзгі-1, Дербес компьютерге арналған гарнитура (микрофоны бар құлаққап)-1, Веб-камера-1, Қабырға экраны бар графопроектор-1, Физика эксперименттеріне арналған деректерді тіркеушісі бар компьютерлік өлшеу датчиктерінің жиынтығы-1, Компьютерлік өлшеу датчиктеріне арналған деректерді тіркеуші-1, Компьютерлік өлшеу датчиктері мен деректерді тіркеуші жиынтығына арналған бағдарламалық жасақтама-1, Кернеуді өлшеуге арналған датчик-1, Ток күшін өлшеуге арналған датчик-15, Гальванометриялық датчик-1, Температураны өлшеуге арналған датчик-10, Термоэлектрлік датчик-1, Фотометриялық датчик-1, Сыртқы магнит өрісін өлшеуге арналған датчик-10, Ішкі магнит өрісін өлшеуге арналған датчик-10, Электр өрісінің датчигі-10, Барометрлік датчик-6, Керек-жарақтармен бірге айналу датчигі-1, Спектрометриялық датчик-10, Сызуға арналған керек-жарақтар жинағы-1, Ілгегі бар жүктер жиынтығы-15, Тең көлемді денелер жиынтығы-1, Массасы тең денелер жиынтығы-1, Физикалық әмбебап тұрғы-10, Электронды таразы-1, Архимед шелегі-1, Сығылған ауа көзі-1, Динамикалық трек-10, Байланысатын ыдыстар-3, Паскаль шары-1, Ньютон түтігі-1, Максвелл датчигі-1, Магниттік ұстағыштары бар статикалық жинақ-5, Баллистикалық тапанша-1, Резонанстық қораптағы шанышқы (балғамен)-1, Әр түрлі қаттылықтағы серіппелер жиынтығы-1, Толқындық құбылыстарды көрсетуге арналған құрал-1, Көміртек оксиді, ас тұзы кристалды торлар жиынтығы-1, Денелердің жылу өткізгіштігін көрсетуге арналған аспап-1, Термодинамикалық жүйе-1, Сұйықтықтағы конвекцияны көрсетуге арналған түтік-1, Сақиналы шар-1, Күн батареясы-1, Электростатика бойынша демонстрациялық жинақ-10, Өткізгіштің кедергісінің оның ұзындығына, қимасына және материалына тәуелділігін көрсетуге арналған құрал-1, Әмбебап трансформатор-1, Параллель токтардың өзара әрекеттесуін көрсетуге арналған құрал-8, Оқу микроскопы-3, Жарықтық дифракциясы, интерференциясы және поляризациясы жиыны-1, Фотоэффект көрсету жиынтығы-10, Геометриялық оптика заңдарын зерттеуге арналған құрал-1, Ойыс және дөңес айна-1, Лазер-5, Аспан сферасының моделі-1, Күн-Жер-Ай моделі-1, Телескоп-1, Зертханалық таразы-1, Динамометр жиынтығы-15, Зертханалық қосқыш сымдар жиынтығы-15, Жүктер жиынтығы-15, Штангенциркуль-10, Рычақ-сызғыш-15. Зертханалық трибометр-15, Калориметр-15, Калориметриялық денелер жиынтығы-10, Сұйық термометр (0-100 град.)-10, Зертханалық амперметр-15, Зертханалық вольтметр,

Бір полюсті екі бағытты қосқыш-15, Зертханалық қуат көзі-15, Компас-15, Доға тәрізді магнит-15, Жолақты магнит-15, Кіші шам ұстағыш-15, Резисторлар жиынтығы-15, Сырғымалы реостат-5, Оптика бойынша зертханалық жинақ-5, Стендтегі линза-1, Дроссель катушкаларының жиынтығы-1, Электрмагниттік толқындарды зерттеуге арналған құралдар жиынтығы-1, Микроамперметр-3, Миллиамперметр-1, Миллиамперметр (АС)-1, Миллиамперметр (ДС)-1, Жартылай өткізгіштердің қасиеттерін зерттеуге арналған жинақ-1, Электрондық конструктор-1, Химиялық ыдыс-аяқ пен керек-жарақтар жиынтығы-1, Бұрандалы қысқыш-2, Тамшыға арналған шұңқыр (125 мл)-5, Конустық колба (250 мл)-1, Жалпақ түбі бар колба (500 мл)-1, Шыны түтік жиынтығы-1, Өлшеуге арналған цилиндр 100мл-1, Плакаттар мен кестелер жиынтығы-1, Физика бойынша анықтама-нұсқаулық қабырға кестелерінің жиынтығы-1, Физика ғалымдарының портреттері-1, Мультимедиялық құралдар жинағы-1, Оқытушыға арналған «астрономия бойынша көрнекі-әдістемелік құралдар» электрондық оқу құралы-1, Жалпы білім беретін мектептің физика кабинетіне арналған демонстрациялық және оқу-зертханалық жабдықтардың электрондық каталогы және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулық-1, Аудиториялық қабырға тақтасы-1, Техникалық оқытуға арналған жылжымалы үстел-1, Оқытушылар үстеліне арналған көтерме-1, Физика кабинетіне арналған зертханалық оқушы үстелі-15, Оқытушы орындығы-1, Оқушы орындығы-30,

Химия кабинеті саны – 1. Кабинет 1 тақта, 1 интерактивті тақта, 1 интерактивті панель және 1 проектор, 1 моноблок және компьютер столы, 1 принтер, 15 парта, 60 орындық, 5 шкаф, 1 дана мұғалім столы, 1 дана креслосы. Химия зерханасы талапқа сай барлық құрал жабдықтармен жабдықталған. Олар:

Бір бірліктен: веб камера, акустикалық жүйе, микрофонды телефонды гарнитура, желілік фильтр, жүйелік блок, монитор, «Эксперименты по химии в цифровой лаборатории» цифрлық кітабы, атомды зерттеуге арналған құрылғылар, «Электрохимия» жинағы. Химиялық реактивтер жинағы: екі бірліктен «Қышқылдар», «Гидроксидтер», «Металл оксидтері», «Металдар», «Органикалық заттар», «Минералды тыңайтқыштар», «Иониттар», «Неорганикалық заттар үлгілері», «Галогенидтер», «Сульфаттар, сульфидтер, сульфиттер», «Тәжірибеге арналған тұздар», «Неорганикалық заттар», «Фосфаттар, силикаттар», «Ацетаттар, роданидтер, цианидтер», «Марганец қосылыстары», «Нитраттар», «Индикаторлар», «Хром қосылыстары», «Көмірқышқылсулары», «Кислород қосылыстары бар органикалық заттар», «Материалдар». Тәжірибеге арналған құрылғылар мен заттар: бір бірліктен : химиялық реакциялар жасауға арналған аппарат, Кип аппараты, Баня комбинированная лаборатория, электронды таразы, колбожылытқыш, ареометр жинағы, пробиркалар жылытқышы, штатив, Демонстрациялық модельдер: бір бірліктен: С алмазының кристалликалық моделі, С гарфитінің кристалликалық моделі, Fe темірінің кристалликалық моделі, Si мысының кристалликалық моделі, Органикалық және бейорганикалық молекула модельдерінің оқушыларға арналған жиынтығы, Органикалық және бейорганикалық молекула модельдерінің мұғалімге арналған жиынтығы, химиялық байланыстар мен электрондық аспан модельдерінің жиынтығы. Табиғи жинақтар: бір бірліктен: металдар жиынтығы, минералдар коллекциясы, мұнай өнімдері коллекциясы, химиялық өндіріс коллекциясы. Стендтер мен кестелер: бір бірліктен: металл белсенділерінің кестелер қатары, ерігіштік кестесі, химия кабинетіндегі қауіпсіздік техникасы кестесі. «Жас химик» ауыспалы стенді. Қосымша заттар: дәрі қобдишасы, қорғаныш көзілдірігі 15, фартук 15, 5 халат.

Биология кабинеті саны – 1. Кабинет 1 тақта, 1 интерактивті тақта, 1 компьютер, желілік фильтр - 1, 15 парта, 27 орындық, 5 шкаф, 1 дана мұғалім столы, 1 дана креслосы, 1 дана трибуна, ғалымдардың портреттері 6 дана, адамның қан айналу жүйесінің макеті 2 дана, құстар тұлымы 3 дана, микроскоп 1 дана, гербарийлер 20 дана, пәнге байланысты қосымша әдебиеттер 20 дана, «Қазақстанның табиғаты» плакаттар 10 дана, адам ағзасының құрылысы кестелер 10 дана, ДНҚ макеті 1 дана, электрондық оқулықтар 5 данамен қамтамасыз етілген. Биология кабинетінің зерханасы керекті құрал жабдықтармен сәуір айында қамтамасыз етіледі деп жоспарланып отыр.

Ұлдар шеберханасы (металл өңдеу, ағаш өңдеу) кабинеті саны – 1. Кабинет 1 тақта, 3 арнайы темір парта, 1 версталь парта, 1 ұста жиынтығы, 1 слесарь құралдарының жиынтығы, 1 ағаш станогы, 6 парта, 16 орындық, 1 дана мұғалім столы, 1 дана мұғалім орындығы, қайрау станогы 1, бұрғылау станогы 1, металл өңдеу станогы 1, дәрі қобдишасы 2, өрт сөндіргіш құралы 1, сәндік қолданбалы өнерге арналған жиынтық 2, оқушыларға арналған фартук 30, қауіпсіздік ережелер плакаттары 6 дана, оқу әдістемелік құралдар 8 дана, металл сызғыш, слесарьлық балға 200 грамм 2 дана, слесарьлық балға 400грамм 1 дана, темір щеткалар 1 дана, кемпірауыздар 2 дана, ағаш шапқы (қашау) 12 миллиметр 3 дана, киянка резеңке 3 дана, кемпірауыз 4 дана, қырлы тістеуіктер- 2 дана, лобзик (кіші ара) 1 дана, слесарьлық балға 200 грамм 3 дана, сурет құралдар жиынтығы 1 дана, ағаш кесетін пышақ 1 дана, сүргі 1 дана, бетті қорғайтын қалқан 1 дана, штангенциркуль 1 дана, түгімен щетка 1 дана, қол ара 1 дана, ағаш күйдіру аппараты 1 дана, ыстық желім апараты 2 дана, ағаш өңдеуге арналған әдістемелік құралдар, плакаттар 1 дана, макеттер 1 дана, ағаштан жасалған бұйымдар 1 дана, көрмеге арналған мольберттер 1 дана, сурет салуға арналған мольберттер 3 дана, фартуктар оқушыларға арналған 10 дана қамтамасыз етілген.

Қыздар шеберханасы (тігін) кабинеті саны – 1. Кабинет 1 тақта, 7 парта, 14 орындық, 2 шкаф, 1 дана мұғалім столы, 1 дана мұғалім орындығы, 2 тігін машинасы, үтік - 1, үтіктеуге арналған үстел 1, қол тігісіне арналған инелер 10, тігін машинасына арналған инелер жинағы 6, кестелеу құралдары 5, тоқуға арналған құралдар 10, бізбен тоқуға арналған жиынтық 10, алжапқыш және орамал 10, техника қауіпсіздігі ережелері плакаттары 1, матаға арналған үлкен қайшылар 5, ағылшын түйрегіштер жинағы 1, электрондық оқулықтар бөлім бойынша 5-9 сыныптар 1, плакаттармен қамтамасыз етілген.

Музыка кабинеті – 5 парта, 10 орындық, 1 шкаф, 1 мұғалім столы, 1 мұғалім орындығы, үн таспа 1 дана, домбыра 5 дана, композиторлар портреттері 1 жиынтық, музыкалық әндер жиынтығы 1 жиынтықпен қамтамасыз етілген.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинетінде 9 парта, 18 орындық, 2 шкаф, 1 мұғалім столы, 1 мұғалім орындығы, 1 кезекші тумбасы және кезекшілік журналы, 1 телефон макетімен ҚР-ның Рәміздері, ҚР-ның Конституциясы 36 бап, ҚРҚК-нің жоғарғы бас қолбасшысы және ҚР Қорғаныс министрі, әскери ант, рота бойынша кезекшінің құжаты, азаматтық қорғаныс, ҚРҚК ел күзетінде, әскери қызмет негіздері, әскери шендер, әскери топография, саптық дайындық, атыс дайындық, тактикалық дайындық, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов А3 формат суреті мен Сарбаз, 1,2, том, Төтенше жағдайлар және Азаматтық қорғаныс, Қазақтың дәстүрлі қару жарағы және де халық ертегі Қаракерей Қабанбай, Шыңғыс хан, оқуларымен, және дизометр өлшемі мен қамтамасыз етілген.

Қару- жарақ бөлмесінде 14 автомат макеті, газ тұмылдырық-10, сейф-1, ОПМ (плащы)-10, БЛ 1м (қолғабы)-10, қорғаныс шөлкейі- 10

Педагог-психологтарының кабинеті жұмыс үстелі 2 дана, айналмалы кресло 1 дана, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер 2 дана, принтер 1 дана, шкаф 2 дана, диван 1 дана, еденге арналған кілем жабыны 1 дана, кеңес беру аймағына арналған парта 1 дана, кеңес беру аймағына арналған орындық 1 дана, стенд 2 дана, релаксациялық әуенге арналған колонка 1 дана, әдістемелік әдебиеттер 1 жиынтық, жұмсақ ойыншықтар 1 жиынтық, дидактикалық дамытушы ойындар 1 жиынтық,

Мектеп кітапханасында 7 екібеттік стеллаж, 4 бірбеттік стеллаж, 2 жиын столы, 1 мұғалім столы, 1 мұғалім орындығы, 1 компьютер және 1 компьютер столы, 5 кітап салғыш каталогтар, 2 кресло, 1 принтер

Мектеп акт залында 1 трибуна, 1 президиум столы, 4 кілем, 100 көрермендерге арналған орындықпен қамтамасыз етілген.

Мектеп спортзалындағы әдістемелік бөлмесінде 1 компьютер, 1 мұғалім столы, 1 шкаф, 4 орындықпен қамтамасыз етілген.

Спортзалда 2 баскетбол щиті, 2 доп салуға арналған жәшік, 2 волейболға арналған жабдықтар, 10 гимнастикалық төсеніш, 1 гимнастикалық орындық, волейбол стойка 2 дана, волейбол сеткасы – 2 дана, баскетбол стойкасы – 2, баскетбол себеті – 2 дана, футбол қақпасы – 2 дана, футбол торы – 2 дана, футбол алаңы – 1 дана, жүгіру жолы – 2 дана, ұзындыққа секіру – 1 дана, бір орнынан ұзындыққа секіру – 1 дана, қос сырық - 1 дана, ағаш аттар – 3 дана, тартуға арналған арқан – 1 дана, скакалка – 10 дана, стол теннисі – 1 дана, теннис ракеткасы – 6, теннис шаригі – 5 дана, теннис сеткасы – 1 дана, табло – 2 дана, доп салатын сетка – 4 дана, футбол добы – 5 дана, волейбол добы – 5 дана, баскетбол добы – 5 дана, лақтыруға арналған доп – 3 дана, тоғызқұмалақ – 3 дана, футбол формасы – 15 дана, волейбол формасы – 15 дана, баскетбол формасы – 10 дана, секундомер – 3 дана, ысқырық – 3 дана, футбол жалауы – 4 данамен қамтамасыз етілген (инвентарлық кітаптың көшірмесі қоса берілді).

Кабинеттер техникалық- қауіпсіздік ережесін, өрттен қорғау ережелерін сақтау негізінде жабдықталған. Әр кабинет, мектеп залдары санитарлық нормаға сай жарықталған. Жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мектептің барлық жиһаз-мүліктері, техникалық құрал-жабдықтары инвентарлық санаудан өткізіліп, тіркеуге алынған. Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында арнайы дабыл қаққыш орнатылған.

8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Мектепте тамақтанатын 1 асхана бар. Бір мезгілде ыстық тамақпен қамтамасыз ете алатын 60 орынмен қамтамасыз етілген. Асхана ауданы – 160,41 м². Асхананың мынандай бөлмелері бар: көкөніс сақтайтын орын, құрғақ азық-түлік қоймасы, нан турауға, сақтауға арналған орын, ас үй ыдыстарын жуатын орын. Асханада мынадай құрал-жабдықтар бар: 2 тоңазытқыш, 2 электрондық пеш, ыдыс- аяқтар саны-150. Асханаға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 12.01.2023 күні берілген. Лицензия номері: №Н.11.X.KZ37VWF00085822. Асхананы жалға алушы ИП Токсеитов А.Т. Директоры: Токсеитов А.Т. ИИН 680313301991. Қызмет көрсету туралы №30 келісімшарт берілген күні 19.01.2023 ж.

6.АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР:

1) Оқу және көркем әдебиеттің, кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер.

2021-2022жылғыоқужылындағы кітап қоры туралы мәлімет:

Оқужылы	жалпы қоры	Көркемәдебиет	оқулықтар	жаңа оқулықтар	әдістемелер	электр	ертегі	дәптерлер
2021-2022	11646	3382	6976	63	1288	70	382	145



2021-2022 оқу жылында 1-11 сынып білім алушыларын оқулықпен қамтамасыз ету туралы мәлімет

Оқужылы	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып
2021-2022	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

2021-2022 оқужылында кітап қорына түскен кітаптар саны

Оқужылы	жалпы саны	әдеби кітап	ертегілер	сөздіктер	брошюралар	Энциклопедия
2021-2022	11646	1574	382	42	1000	150



Жаңа оқу жылына кітапхана жұмысының мақсаттары:

- 1.Кітапхана қызметін мектеп тақырыбы бойынша және заман талабына сай құрастыру және дамыту.
- 2.Оқу-тәрбие процесіне көмек ретінде ақпараттық білім негіздерін үйрету арқылы оқушыларға кітапханалық-библиографиялық қызмет ету.
- 3.Мұғалімдерді толық әдістемелік материалдармен және қосымша әдебиеттермен қамтамасыз ету.
- 4.Оқушылардың бастауыш буыннан бастап мәдениеті мен кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.
- 5.Кітапханалық жаңазаманауитехнологияларын пайдалану, дамыту.
- 6.Кітапханада оқырмандарғатартымдыортаныұйымдастыру.

Қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Оқушыларды кітап оқуға тарту.

- 1.Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективалық дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған жол картасының жобасы бойынша жұмыс жасау
- 2.Сынып жетекшілермен, мұғалімдермен және басқа қала кітапханаларымен тығыз байланыста жұмыс істеу.
- 3.Жаңадан келіп оқып жүрген оқушылар мен жұмыс істеп жүрген мұғалімдерді кітапханаға тарту.
- 4.Жаңа оқу жылына 9-шы, 10-шы, 11-ші сынып оқушыларын қайта тіркеу.
- 5.1-ші сынып оқушыларына кітапханамен таныстыру мақсатымен экскурсия ұйымдастыру. «Әліппемен танысу» және «Әліппемен қоштасу» мерекесіне мұғалімдерге көмек көрсету.
- 6.Әр сыныпта кітапханашыларды сайлау, үздік оқырмандарды шақырып, ОҚЫРМАН КЛУБЫН ашу.
- 7.Оқырмандардың қандай да бір қызығатын нәрсені тауып, анықтап, жұмысты жалғастыру. Қызығушылықтарын дағдыландыру.
- 8.Оқулықтардың тазалығын тексеру.
- 9.Әр сыныптың жыл соңында кітапханаға келіп кітап оқыған талдауын жасау, сызба құрастыру. (рейтинг)

БАҚЫЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

р/с	атауы	2021-2022
1	Оқырмандар саны	360
2	Келу	2880
3	Кітап беру	3240

Қ. Сұлтанбеков атындағы орталықты орта мектебі кітапханасының 2021-2022 оқу жылына арналған есебі

Кітапхана құжаттарымен үнемі жұмыс жүргізіліп, есептер мен мәліметтер ауданға уақытысында жеткізілді. Әр мереке сайын оқушыларға тақпақтар, өлеңдер, суреттер, мақалалар жинақталып беріледі. Мұғалімдер оқу әдістемелік кешенімен қамтылды. Қоғамның дамуы бір орнында тұрмағандықтан жаңалықтарды, ел және әлем жетістіктерін тану үшін оқу жылында екі кезең мерзімді басылымға жазылу

ұйымдастырылды. Оқу тәрбие және мәдени көпшілік жұмыстары уақытылы жоспар бойынша атқарылды. Мектеп кітапханасында оқулықтар, оқу әдістемелік құралдар және әр түрлі білім саласы бойынша 33680 дана кітап қоры жинақталған. Мектеп кітапханасы –шәкірттерге сапалы білім беруге ,саналы тәрбие беретін іс-шараларды өткізуде мұғалімдердің ақпарат ордасы, оқушылардың рухани азық алатын мәдени орны болғандықтан, жоспарлы түрде жұмыс атқарады. Кітапханада кітап қоры - 11646
әдеби кітаптар -3382
әдістеме – 1288
элек. оқулық - 70

Биылғы оқу жылында кітапханамызға 1 сыныптарға жаңа оқулықтар және көркем әдебиеттер келіп түсті .

Қыркүйек айының жоспары бойынша 22 қыркүйек тілдер күніне орай «Ана тілім асыл қазынам» атты бұрыштама ұйымдастырылды. Мұғалімдер, оқушылар кітапханаға жаңадан келіп түскен әдеби кітаптармен таныстырылды. Бастауыш сынып оқушыларына ертегілер оқылды. Отбасы күніне орай ауыл тұрғындарымен «Ауылыма кітап» акциясы ұйымдастырылды.Нәтижесінде 21 кітап түсті. О.Сүлейменовтың туылғанына 85 жыл толуына орай «Кел балалар оқылық» атты көрме Қазақтың ақыны, педагог, аудармашы А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай оқырман конференциясы өткізілді.

«Ұлы дала мұрагерлерінің үздік мұралары» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балалар жазушысы С.Мұратбековтың туғанына 85 жыл толуына орай «Өмір жырын шерте білген» библиошар. Бастауыш сынып оқушыларын кітапханаға саяхат.

Оқушыларға анықтамалық әдебиеттер, сөздіктер туралы түсінік беру. Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары, Қазақстанның 100 жаңа есімі атты дөңгелек үстел өткізілді. Денсаулық күніне орай «Дені саудың жаны сау», «Табиғат – біздің байлығымыз» атты бұрыштамалар қойылды.

Жазушы, педогог Ыбырай Алтынсарин 180 жылдығына орай «Оқысаңыз балалар шамнан шырақ жағылар» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы ел бақыты» атты көрмемен оқушылар таныстырылды. «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты әдеби кеш өткізілді.

Желтоқсан айының жоспарына сай «Жастарды жаман әдеттен сақтайық» атты көрмеҚазақстан Республикасының Халық қаһарманы, қазақ эстрадасының күміс көмей әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толуына орай «Ән әлемінің падишасы» атты танымдық сағат, Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, Қазақстанның бірінші басшысы Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты өмір жолымен таныстырылды. Ақпан айының жоспарына сәйкес «Өзін –өзі тану» адамгершілік рухани бағдарлама авторы С.Назарбаеваның өмірімен таныстыру мақсатында «Мейірім төгетін ана» бұрыштама ұйымдастырылды. « Мақал - сөздің мәйегі» 5 сыныптарарасында сайыс өткізілді.

Ақын Мұқағали Мақатаевтың 9 ақпан туылған күніне орай «Сағынады Мұқанды сыздап жүрек» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

Жоспар бойынша «Кітап қалай пайда болды?» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Наурыз айының жоспары бойынша 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Аналар асыл жандар» атты көрме, Ақын Төлеген Айбергеновтың туғанына 85 жыл толуына орай «Жұлдыздай ағып өткен ақын» ат әдеби портрет Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай «Наурыз – берекем, Наурыз берекем» атты тәрбие сағаты, «Армысың, әз Наурыз!» атты көрме ұйымдастырылды

23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне» орай кітапханада әдеби кеш өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға кітап адам өмірінің таусылмас қазынасы, дүниенің айнасы, ғылым білімнің көзі, өнермен тәрбие құралы, өмір күресінің ең мықты қаруы болатын ақылшы досы екендігін ұғындыру.

«Қазақстан ғарыш қақпасы» 12 – сәуір Дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай көрме ұйымдастырылды.

Кітап адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Кітап араб сөзі. Ол қазақша «жазу, жазба» деген мағынаны білдіреді. Кітап көп ақылдың құйылған көлі, ол ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы. Ата бабаларымыз «Күш білімде, білім кітапта», «Кітап - ғажап дос» деп бекер айтпаған.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы қарашадағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ІҮ - отырысында берген тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында біздің облыста "Оқуға құштар мектеп" - "READx" жобасы бастау алды. Жоба аясында көркем әдебиетті жаңарту мен толықтыруға және мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаражат бөлуге ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл тапсырманы орындау үшін “Оқуға құштар мектеп” жобасы енгізілді. “Оқуға құштар мектеп” жобасы оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру, мектеп кітапханаларының материалдық- техникалық базасын нығайту бойынша кешенді шаралар көзделген. Мектеп кітапханасын дамыту, кітап оқу арқылы оқу сауаттылығын арттыру, оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын дамыту мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі көптеген жұмыс атқарылуда. «Оқуға құштар мектеп» жобасының 2020-2025 жылдарға жұмыс жоспары, кешенді 2021-2022 оқу жылына жылдық жұмыс әзірленіп, жұмыс жүріп жатыр. Соның ішінде «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» акциясы, «Сыйлыққа - кітап» акциясы, «Буккроссинг» акциясы, «READx» форматындағы және мерейтой иелеріне арналған, күнтізбелік мерекелеріне арналған көптеген іс-шаралар жоспарлы түрде өтіп жатыр. 2021-2022 оқу жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылып жатқан аудандық байқауларға мектеп білім алушылары белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтсақ:- «Кел балалар оқылық!» атты аудандық сырттай байқауының жеңімпазы 3 сынып оқушысы Ануарбек Нурия **ІІІ дәрежелі Дипломмен** марапатталды;

- «Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналады» атты аудандық буктрейлер байқауының жеңімпазы 9 сынып білім алушысы Үсен Каусар **І дәрежелі Дипломмен**, облыстық **Алғыс хатпен** марапатталды.

Мектеп кітапханасында «Мәңгілік ел құндылықтары. Ардақ тұтар алыптары» атты кітап көрмесі ұйымдастырылған. Көрме үш бөлімнен тұрады: «Қазақ әдебиетінің алыптары», «Мәңгілік елдің кемеңгер тұлғалары», «Есімін ерлікпен жазған қаһармандар». Мақсаты: 2022 жылғы мерейтой иелерінің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Кітап оқуға шақыру, кітапты құрметтеу және дәріптеу.

2022 жыл «Балалар жылына» орай «Менің сүйікті кітаптарым » атты кітап көрмесі ұйымдастырылған. Көрме мектеп білім алушыларының үш санатына арналған: бастауыш, орта және жоғары буындарға. Мақсаты: Кітапханаға түскен көркем әдебиеттің топтамасын насихаттау, кітап оқуға шақыру, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

2022 жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы таңдалған болатын.Әбдірахман Әйтиев атындағы орта мектебінің кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жасқа толуына орай қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Асилина Жанна бірлесе отырып «Тіл – білімнің атасы» атты оқырман конференциясы өтті. Конференцияға 9 сынып білім алушылары қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудағы іс- шаралар жоспары бойынша мектебімізде «БУККРОССИНГ» акциясы ұйымдастырылды.

«Буккроссингтің» басты мақсаты: ол- үйімізде жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау», әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту, күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу, әлемді үлкен кітапханаға айналдыру.

Мектептің бірінші қабатында орналасқан «Bookcrossing» кітап сөресіне балалар, оқушылар өздері оқыған кітаптарын жаңа оқырмандары табылады деген мақсатпен қойып жатты. Сөремізден кез келген кітапты алып, ал оқыған соң оны

өзінің достарына немесе таныстарына оқуға беріп,алмасты. Балалар жаңа қызықты шығармалар: тарихи романдар, өлеңдер жинағы, детективтер әкеліп жатты. Буккроссинг адамдарды, балаларды оқуға және кітаптарға деген көзқарасын өзгертеді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ыбырай Алтынсарин 180 жасқа толуына орай «Оқысаңыз балалар шамнан шырақ жағылар» атты Мәнерлеп оқу сайысы өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлы даланың үздік мұралары» атты көрме ұйымдастырылды. Кітапханашылар дайындаған кітап көрмесіне шолу жасады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің үй кітапханамдағы кітаптар» оқушылар өздерінің үйдегі кітапханаларымен видео арқылы таныстырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқырман ана» айдарымен 5 сынып білім алушыларының аналары өздері оқыған кітаптарын жарнамалады. Аналардың бірі Мамырбаева Роза сыныпқа келіп, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романынан үзінді айтып, оқиғаларды баяндады.

«Оқуға құштар мектеп жазғы демалыста» тақырыбында жұмыс жоспары құрылып, оқырмандармен жұмыс атқарылды.

Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ұйымдастырылған Оқуға құштар мектеп жазғы демалыста" тақырыбындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жазда мен кітаппен достасамын» атты кітап көрмесін безендіру өтті. «Ойна, сана, шеш» ойын және ақпарат аймағы бойынша бұрыш ұйымдастырылды. Г.Х.Андерсеннің ертегілерін оқып, суреттер салды. «Жаздың кітаппен арбауы» атты флешмоб ұйымдастырылды. «Өзіміз өз қолымызбен жасаймыз» атты қолдан жасалған бұйымдардан көрме ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп жобасы аясында» ұйымдастырылған Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі бойынша буктрейлер құрды. «Жазда оқы» жазушы Ш.Мұртазаның Ай мен Айша шығармасын 8 сынып оқушылары кітапты оқып, оқушыларға насихаттады. «Күнтізбеде осындай күн бар» ақын М.Шахановтың 80 жасқа толуына орай виртуалды көрме ұйымдастырылды. Жаздың ең белсенді оқушылары Алғыс хаттармен марапатталды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми - педагогикалық кітапханасының ұсынысымен елімізде 2020 жылдан бері кеңінен өткізіліп жатқан 10 тамыздағы "Абай" күніне орай Елордадағы мектеп оқушылары жазғы демалыста Республика көлеміндегі барлық өңіріндегі оқушыларына Абай өлеңдерінен, қара сөздері мен әндеріне челендж жариялаған болатын. Осыған орай Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі челенджді жалғастыру мақсатында Т. Рысқұлов ауданының мектептеріне челендж жолдады.

2022-2023 жылғы оқу жылындағы кітап қоры туралы мәлімет:

Оқужылы	жалпы қоры	көркемә дебиет	оқулық тар	жаңа оқулықтар	әдісте мелер	ертегі	дәптер лер
2022-2023	12664	3656	7720	1048	1288	450	250




2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып білім алушыларын оқулықпен қамтамасыз ету туралы мәлімет

Оқу жылы	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сын. ЖТБ	10 сын. ҚТБ	11 сын. ЖТБ	11 сын. ҚТБ
2022-2023	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

2022-2023 оқу жылында кітап қорына түскен кітаптар туралы мәлімет

Оқу жылы	жалпы саны	Көркемәдебиет	ертегілер	әдістеме	оқулықтар
2022-2023	12664	3656	450	1288	7720



Қ. Сұлтанбеков атындағы орталықты орта мектебі кітапханасының 2022 – 2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына талдау

Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану – кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырман санын толықтырып, мәдени деңгейінің көтерілуіне тиімді әсер етеді. Бүгінгі таңда әрбір адамзаттың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Олай болса біздің барлық іс әрекетіміз осы бағытта болуы керек. Ал ұрпақ білімді қайдан алады?. Әрине кітаптан. Өйткені, тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы.

Кітапханалар сол оқу орнындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Мектеп кітапханасы оқырман сұранысын толық қанағаттандыра алады. Бүгінгідей ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында да кітап, кітапхана өзінің құндылығын жоғалтпай, заманға сай жаңғырып оқырманмен біте қайнасып, қызметін жаңа жүйемен жалғастырып келеді. Бүгінгі кітапханалар тек кітап беретін орын болып қана қоймай, оқырман ақпарат алатын, бірлесе жұмыс жасайтын, ойын, білім, ғаламторды ұштастырған заманауи орынға айналууда. Кітапхана өмірі сырт көзге біліне бермейтін ағысы баяу, тулаған толқындар ішінде жатады. Бүгінгітаңдағықоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге көтерілуі, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді.

КІТАПХАНАНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТАҚЫРЫБЫ:

«Мектеп кітапханасы арқылы оқушы бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыра отырып, оқушы бойында ізденушілік қабілетті дамыту».

КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру, барлық деңгейдегі оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық кешенді ұйымдастыру, қауіпсіз және кедергісіз ақпаратқа, білімге, идеяға, мәдени мұраға қол жеткізуді қамтамасыз ету, кітапханада ахуалдық жағдай орнату, оқырмандарды ақпараттық мәдениетке баулу.

КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- ❖ Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары, еңбек және экономикалық тәрбие.
- ❖ Өлкетану жұмыстарын жүзеге асыру.
- ❖ Эстетикалық, этикалық тәрбиені насихаттау.
- ❖ Салауатты өмір салтын насихаттау.
- ❖ Экологиялық тәрбие.
- ❖ Активтермен жұмыс.
- ❖ Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру: оқырмандар санын, кітапайналысының санын көбейту.
- ❖ Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру.
- ❖ Қазақтың салт-дәстүрлерін насихаттау.
- ❖ Елбасының халқына арналған жолдауларын насихаттау

Бақылау көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіш	2021-2022	2022-2023
Оқырман саны	360	360
Келуші саны	2880	1880
Кітап беру саны	3240	3240

Қ. Сұлтанбеков атындағы орталықты орта мектебі кітапхана
2022-2023 оқу жылына арналған көпшілік іс-шараларының есебі

Кітап, кітапхана – мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты деп Әбіш Кекілбаев атамыз айтқандай, мектеп кітапханасында білімгерлердің оқу сауаттылығын арттыру бағытында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмыс жасайды. Жобаның жұмыс жоспарына сәйкес мектепте көптеген көпшілік іс-шаралар өткізілуде.

Биылғы оқу жылында қыркүйек айының жоспары бойынша жаңа қабылданған оқулықтарды, көркем әдебиеттерді нөмірлеп, мөрлеу жұмыстарын жүргізілді. Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне орай «Тіл – халық мұрасы» атты дөңгелек үстел, Талғат Бигелдиновтың 100 жасқа толуына орай «Қазақтың текті қыраны атты» көрме ұйымдастырылды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаевтың туылғанына 110 жыл толуына орай «Қонаев ұлы тұлға», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты көрмелер қойылды. Қазан айының жоспарына сәйкес кітапханаға жаңа түскен көркем әдебиеттермен таныстыру мақсатында «Танысыңыз, жаңа кітаптар» атты фойеде көрме ұйымдастырылды, Көрмемен мұғалімдер және оқушылар таныстырылды. 1- қазан қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты көрме, 2 сынып оқушыларын кітапхана ережесімен таныстыру мақсатында саяхат ұйымдастырылды. Қазақтың ақыны, педагог, аудармашы А.Байтұрсыновтың туғанына орай «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары» атты 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. «Жастар есірткіге қарсы!» атты көрме, Қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафиннің туылған күніне орай «Ұлт мақтанышы» атты 7 сынып оқушыларымен әдеби подиум өтілді. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Денсаулық зор байлық» атты көрме және мектеп медбикесі Г.Удбергеновамен бірлесе отырып денсаулық сағаты ұйымдастырылды. Жазушы Кеңес одағының батыры халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының 112 жасқа толуына орай «Ұшқан ұя» повесіне 10 сыныптармен оқырман конференциясы өткізілді. Жазушы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың туылған күніне орай өмірі мен шығармашылығына шолу «Аңызды ақиқатқа айналдырған қаламгер», Жазушы Зейін Шашкиннің 110 жасқа толуына орай «Зейін Шашкин – 110 жыл» атты библиографиялық шолу.»Тарихы терең қазыналы өлке» атты өлкетану көрмесі, «Ерлік пен елдіктің жаршысы» Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Жамбыл Жабаевтың туылған күніне орай «Жыр алыбы – Жамбыл» атты көрме, ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі – бір әлем» атты әдеби кеш, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында «Readingman» танымдық ойыны өткізілді. 8 – наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Ал, қанекей қыздар!» 8 сыныптар арасында сайыс, Қазақ салт- дәстүрлерін дәріптеу мақсатында «Бауырсақ Party» сұрақ жауап, Жазушы Ғабит Мүсіреповтың туылғанына 120 жыл толуына орай әдеби портрет, 22 наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Әз, Наурыз атты көрме ұйымдастырылды. Әр ай сайын сынып жетекшілерінің қатысуымен оқулықтардың тазалығын, сақталуын, пайдалану

сапасын анықтау мақсатында рейд өткізіліп, анықтамалары жазылған. Сәуір айының жоспарына сәйкес 2 сәуір Халықаралық балалар әдебиеті күніне орай «Кітап – білім бұлағы» атты әдеби джем өткізілді. «Қазақстан ғарыш қақпасы» атты 12 сәуір Дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай көрме ұйымдастырылды. Көрмемен 6-7 сынып оқушылары таныстырылды. Мамыр айында 1 мамыр халықтар бірлігі күніне орай «Бейбітшілік – ел тілегі» атты фотосуреттер көрмесімен мектеп оқушылары таныстырылды. Мақсаты балаларға 1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. 9 мамыр жеңіс күніне орай «Ерлікке тағзым» атты кітап, фотосуреттер көрмесі қойылды. «Қасіретті жылдар жаңғырығы» 31 мамыр Саяси қуғын –сүргін құрбандарын еске алу күніне орай кітап көрмесі, тағылым сағаты өткізілді.

